



ҰЛТ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАҒАН ҚҰРЫЛТАЙ

Қаңтардың 20 күні Қызылорда қаласында Ұлттық құрылтайдың бесінші һәм соңғы отырысы өтіп, онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйледі. Президент Ұлттық құрылтайдың өз міндетін атқарғанын атап өтіп, қоғамдағы құбылыстар, реформалар мәселесіне тоқталды. Президент парламенттік реформаларға қатысты өз ойын айтып, Парламентті «Құрылтай» деп атау, вице-президент лауазымын енгізу, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайды біріктіріп, Халық Кеңесін құру бастамасын көтерді.

Жалпы, Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлердің дамуы, экономика, салық түсімі, Арал тағдыры, суды үнемдеу, тарихи жад, мәдениет пен өнерді дамыту, мемлекеттік рәміздерге құрмет, сыртқы саясат, мемлекеттік билік институттарындағы реформалар қатарлы көптеген тақырыпқа тоқталды.

Президент өз сөзін Ұлттық құрылтайдың мән-маңызына тоқталудан бастап, мемлекеттің заманауи өмірін тарихи жадымызбен байланыстырған институттың кезекті жиынының Сыр бойында өтуінің астарына үңілді.

«Бүгін Ұлттық құрылтай жиыны осымен бесінші рет шақырылып отыр. Бұл форумның алғашқы отырысы ұлт уясы — Ұлытауда өтті. Екінші жиын түбі бір түркі жұртының қара шаңырағы Түркістанда болды. Үшінші отырыс бірегей Атырау аймағында ұйымдастырылды. Ал бытыр тарихы бай Көкшетау төрінде жиналдык.

Енді міне, кастерлі Қызылорда жерінде бас қосып отырмыз. Бұл — халқымыз үшін орны ерекше аймақ. «Сыр — Алаштың анасы» деген аталы сөз бар. Осы атыраптағы Шірік-Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршынкент қалаларының орны көне заманның өзінде қазақ жерінде дамыған қала өркениеті болғанын аңғартады. Қызылорданы сол әйгілі қалалардың заңды жалғасы дей аламыз. Бұл шаһардың тарихи мән-маңызы айрықша. Оның осыдан бір ғасыр бұрын Қазақстан астанасы болғаны баршаға мәлім. Бұл жерде еліміздің болашағына қатысты аса маңызды шешімдер қабылданды», — деген Қасым-Жомарт Кемелұлы аймақтың ұлт тарихында айрықша рөл атқарғанын атап өтті. Қызылорда өңірі ежелгі тарихи оқиғалардың куәсі ғана емес, ұлт мәдениетінің ұйытқысы сақталған аймақ. Бұл өңір бағзыдан бері «Сыр елі — жыр елі» деп аталып келеді. Мұнда ежелгі сақ, кейінгі түркі, оғыз өркениеттерінің ізі қалған. Жыраулық-жыршылық пен күйшілік дәстүрдің ірі ошақтарының бірі. Мұны Қасым-Жомарт Тоқаев та ерекше атап өтті.

СЫР ЕЛІ ӨРКЕНДЕП КЕЛЕДІ

«Жалпы, «Сыр елі — жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды сандақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі.

Сыр бойы — нағыз еңбек адамдарының мекені. Кеңес заманында осы аймақтан 100-ге жуық Еңбек Ері шыққан. Әйгілі күрішші Ыбырай Жақаевты халқымыз ерен еңбектің символына балайды. Аға буынның абыройлы жолын бүгінгі ұрпақ лайықты жалғастырып келеді», — деген Мемлекет басшысы өңірдің қазіргі даму қарқынына да тоқталды.

Президенттің айтуынша, соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр. Бытыр аймақтың ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өсті. Үш жылда облысқа 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Бытыр аймақта 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылыпты. Солардың қатарында стратегиялық маңызы бар жобалар да бар. Президент: «Сонын ішінде жана жылу электр орталығы іске қосылғанын ерекше атап өткен жөн. Стратегиялық маңызы бар бұл нысан толығымен инвестордың қаржысына салынды. Жылу орталығы аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайта түседі. Облыс тұрғындары сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. Халықтың 80 пайызы өгілдір отынды пайдаланады. Елді мекендерге газ құбырын тарту жұмысы алдағы уақытта жалғаса береді», — деді.

Аймақтағы автокөлік жолының сапасының жақсарғанын атап өткен Мемлекет басшысы облыстық логистикалық әлеуетін арттыратын бірқатар жобаға да тоқталды. «Облыстың әуе және теміржол жүйесі де жаңғыртылып жатыр. Қорқыт ата әуежайының жана терминалы ашылды. Қызылорда қаласындағы тарихи ғимараттың бірі — теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Бұған қоса аймақтағы 10 теміржол бекетін жаңғырту жұмысы басталды. Мұның бәрі облыстың логистикалық әлеуетін арттыра түседі», — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қызылорда облысында, әсіресе, әлеуметтік салада жақсы жаңалық көп. Үш жылда осы аймақта 34 білім беру, 45 мәдениет және спорт нысаны салынған.



Бұған қоса, 40 медицина нысаны ашылды. Президенттің тікелей тапсырмасымен Қызылордада 300 орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Одан бөлек, 500 орындық емхана және 200 орындық перзентхана салу жоспары да бар. Көп ұзамай аталған нысандар салына бастамақ. Яғни, жалпы алғанда облыс әлеуеті жақсарып келеді. Аймақ барлық салада қарқынды дамып жатыр. Мұны Президент те жоғары бағалайтыны байқалады. Қасым-Жомарт Тоқаев облыстың жағдайы жалпы алғанда жақсы екенін айта келе, өңірде атқарылып жатқан оң істерді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың табанды жұмысының нәтижесі ретінде бағалады.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Өткен ғасырдың ортасында адамзат баласы алғаш рет Байқоңырдан ғарышқа аттанғаны — бүкіл әлемге белгілі дерек. Ұлы Жібек жолының бойындағы тарихи өлке жана дәуірде де ойдағыдай дамуда», — деп ерекше атап көрсету арқылы аймақтың терен тарихы мен күнінің байланысының терең екенін меңзеді.

СУ — ТІРШІЛІК НӘРІ

Президент содан соң рет-ретімен өзекті мәселелерге тоқталды. Мемлекет басшысы алдымен Арал тағдырына және жалпы су мәселесіне назар аударды.

«Қызылордаға келіп тұрып, Арал мәселесіне тоқталмай кету мүмкін емес. Аралды құтқару — барша адамзат үшін әлі де өте өзекті міндет. Мен бұл мәселе туралы халыққа Жолдауымда айттым. Жылдар бойы жүргізілген жұмыстың арқасында Солтүстік Аралды құтқарып қалдық. Қашқан теңіз қайтып, Кіші Аралдың қалпына келе бастағанына біраз жыл болды. Қазір Көкарал бөгетін биіктету шаралары қолға алынып жатыр. Жоба осы жылдың соңында басталады. Кіші Аралдың суының көлемін айтарлықтай көбейтуге мүмкіндік болады», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Дегенмен Президенттің айтуынша, бұл тек Қазақстан билігінің қолында тұрған мәселе емес. Көп дүние көршілерге және оларды көндіруге байланысты болмақ. Сондықтан Қазақстан Президенті су мәселесін ұдайы назарда ұстайды. Президент өз сөзінде:

«Қазақстандағы ірі өзендердің көбі бастауын көрші мемлекеттерден алады. Дарияның басында тұрған елдердің су саласындағы саясатына байланысты Сырдың суы теңізге әр кезде өртүрлі көлемде жетеді. Демек, көп түйткілдің шешімі су саласындағы шебер дипломатияға байланысты. Қазір Орталық Азия елдерінің бәрімен су ресурстарын бірлесе пайдалану туралы келісімдер жасалды. Түптеп келгенде, Арал ғана емес, Каспийдің, Балқаштың, Ертістің тағдырын шешу үшін көршілермен мәмілеге келіп, келісімдерге қол қоюымыз қажет», — деді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы судың еліміз үшін стратегиялық ресурс екенін атап өтті. «Біз су мәселесімен жүйелі түрде айналысуымыз керек. Мен бытыр Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құруды ұсындым. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау барысында осы мәселені алға қарай жылжытуымыз қажет. Алдағы сәуірде Астанада Халықаралық экология саммиті өтеді. Жиында Аралды құтқару қорына мүше мемлекеттер басшыларымен Арал мәселесін талқылаймыз. Кіші Аралдың қалпына келуі бүкіл Сыр өңірін одан әрі көркейтуге жол ашады деп үміттенеміз», — деді Президент. Осы тұста еске салар болсақ, Қасым-Жомарт Тоқаев су мәселесін тек БҰҰ мінберінде емес, өзге халықаралық жиындардың барлығында

дерлік көтеріп жүр. Бытырғы қыркүйектен желтоқсанға дейін Қазақстан басшысы 7 халықаралық жиында көтеріп, әріптестерінің назарын аударған болатын.

ТАБЫСТЫҢ КІЛТІ — ЕНБЕК

Ұлттық құрылтай отырысында Президент ел дамуының негізгі көрсеткіштеріне тоқталып, еңбекқорлықты жоғары бағалайтынын атап өтті. «Осы орайда жергілікті халықтың еңбекқорлығы мен ұйымшылдығын атап өткім келеді. Мен Сыр елі жұртшылығының бойынан туған жерге деген сүйіспеншілікті, қамқорлық пен жанашырлықты, нағыз отаншылдықты көремін. Облыс орталығымен қатар, әр ауылдың тазалығы көз тартады. Мысалы, Нағи Илиясов, Тан ауылдарын бүкіл елге үлгі ретінде үнемі айтып жүремін. Сіздер осы аймақпен қатар, күллі еліміздің дамуына үлес қосып келесіздер», — деді К.Тоқаев.

Президенттің айтуынша 2025 жылды Қазақстан табысты аяқтаған. Біз бір ел, экономиканың өсімі 6,5 пайызға жетті. Елдің ішкі жалпы өнімі 300 миллиард доллардан асты, оның жан басына шаққандағы үлесі тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет 15 мың долларды құрады.

«Бұл — бүкіл Орталық Азия аймағы бойынша рекордтық көрсеткіш. Ұлттық қордың валюталық активтері 5 миллиард долларға ұлғайды. Алтын-валюта қорымыз ең жоғары деңгейге жетіп, 65 миллиард доллардан асты. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 40 пайызға жақындады. Халық саны 20,5 миллионға жуықтады. Азаматтардың орташа өмір сүру ұзақтығы 75,4 жасқа жетті», — деді Президент.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы қоғамның өзгергенін, реформалардың тұрақты сипатқа ие болғанын, халықтың сана-сезімінде үлкен бетбұрыс болғанын атап өтті. Әрі бұл өзгерістерде Ұлттық құрылтай айрықша рөл атқарғанын тілге тиек етті. Бұдан бұрынғы төрт Құрылтайда айтылған ұсыныстардың негізінде 26 заң қабылданған. Осылайша, Құрылтай ауқымды реформалардың негізгі қозғаушы күші болды.

«Әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін нақты қадамдар жасалды. Лудоманияға, яғни ойынқұмарлыққа және нашакорлыққа қарсы белсенді күрес жүргізіле бастады. Ономастика саласындағы жұмыстар ретке келтірілді. Мемлекеттік наградалар жүйесіне жанадан құрметті атақтар енгізілді. Сол арқылы еңбек адамдарының мәртебесі арта түсті. Бұдан бөлек, біз ұлттың жана сапасын қалыптастыратын басты құндылықтарымызды айқындап алдық. Ұрпақтың болашағына зиянын тигізетін кеселдерге барынша тосқауыл қоятын болдық.

Құрылтай мүшелері өткен жылғы жиында ішкі саясат саласын ретке келтіру туралы бастама көтерді. Тиісті құжатты әзірлеуге өздеріңіз белсене атсалыстыңыздар. Бытыр Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидалары, құндылықтары мен бағыттары бекітілді. Енді осы құжатты басымдық ретінде қарап, белсенді түрде іске асыруымыз керек», — деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР — СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Президент жиында мәдениет пен өнер мәселесіне айрықша тоқталып, олардың мемлекеттің стратегиялық бағдарларының бірі екенін атады. Президенттің пайымдауынша, қоғамның са-

насы жаңғырмаса, реформалар ойдағыдай нәтиже бермейді. «Сондықтан біз руханият мәселелеріне айрықша мән береміз. Бұл салада бұрын-соңды болмаған ауқымды шаруа қолға алынады. Атап айтқанда, Алматы облысында Қазақ драма театры, Абай, Ақтөбе облыстарында театрлар бой көтереді. Шымкентте де Опера және балет театрының құрылысы басталмақ. Биыл Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының ашылғанына 100 жыл толды. Осыған орай театр ғимаратына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмысы аяқталмақ. Наталья Сац атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры да жаңғыртылады. Бұдан бөлек, екі жылдың ішінде елімізде 100-ден астам мәдениет ошағы жөнделеді. Қызылордада жана драма театр салу жоспарымызда бар, биыл құрылысты бастауымыз керек. Өткен сапарымда мен облыстың зиялы қауым өкілдерімен кездескен кезде заманауи кітапхана салу керек деп айттым. Енді бұл құрылыс биылдан бастап жүргізіледі», — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәдениет пен өнер саласындағы әр бағытта жеке тоқталды. Президент алдымен музей ісін дамытуды маңызды санайтынын айтты. «Музей ісін дамыту — маңызды міндеттің бірі. Осы ретте, Қызылордада ашылған жана тарихи-өлкетану музейін ерекше атап өткім келеді. Мен күзде қалаға жұмыс сапарымен келгенде мұражайды аралап көрдім. Заман талабына сай салынған орталықта музей ісін ұйымдастырудың тың тәсілдері қолданылған. Бұл тәжірибені басқа облыстарға үлгі етуге болады», — деді Президент.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы қазақ өнері мен мәдениетінің өрге басып келе жатқанын атап өтті. Мұндай көзқарас жастар арасында да қалыптаса бастаған.

«Жас буын өкілдері жана қоғамдық этиканы, креативті индустрияны дамытуға зор үлес қосуда. Әлем елдері қазіргі қазақ өнерін ерекше құбылыс деп бағалайтын болды. Кино саласы да дамып жатыр.

Жас ұрпақтың ұлттық бірегейлігімізді өнерімен айшықтап, ұлтымызды жаһан жұртына танытуы — зор мақтанш. Жастардың күш-қуаты, ынта-жігері, жана-шылдығы мен жасампаздығы кез келген салаға зор серпін береді. Сондықтан біз ескелен ұрпаққа әрдайым жан-жақты қолдау көрсетеміз. Олардың ұлттық құндылықтармен қатар, жана заманның жақсы қасиеттерін бойына сіңіруіне барынша жағдай жасаймыз», — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пайымдауынша, бұған дейін Ұлттық құрылтайда көтерілген еліміздің рухани-мәдени мұрасын әлемге таныту туралы бастамалар жүзеге асып жатыр. Мысалы, 14 жылда алғаш рет аса құнды «Хандар шежіресі» қолжазбасы ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізілді. Биыл жазда Корея Республикасының Пусан қаласында Бүкіләлемдік мұралар комитетінің кезекті отырысы өтеді. Сол кезде «Манғыстаудың жерасты мешіттерін» ұйым тізіміне қосу мәселесі қаралады. Қазір Қазақстан материалдық емес, мәдени мұралар тізіміне өз нысандарын белсенді түрде енгізіп жатқан 25 елдің қатарына кіреді.

Президент елімізде танымдық әрі тағылымдық мәні зор тарихи орындар мен құнды жәдігерлер мол екеніне тоқталып, мысал ретінде, таза ағаштан салынған Жаркент мешітін атады. Ол — қытай сәулетшілері мен ұйғыр шеберлерінің қолынан шыққан бірегей туынды. Алматыдағы «Вознесенск кафедралды шіркеуі» де айрықша тарихи нысан. Татулық пен достықтың символы саналатын осы екі ғимаратты «Бірлігіміз — әралуандықта» қандатынын іс жүзіндегі көрінісі деуге болады.

«Ұлы даланың әрбір тау-тасы халқымыздың сан ғасырлық жылнамасынан сыр шертеді. Соның бірі — қойнауы қазынаға толы Қаратау петроглифтері. Төрт мыңжылдық тарихы бар таңбалы тастар төл өркениетіміздің тамыры тым тереңде жатқанын көрсетеді. Ғалымдарымыз Қызылорда жеріндегі Сауысқандық пен Түркістан облысындағы Арпаөзеннен жалпы саны 17 мың петроглиф тапқан. Осындай құнды жәдігерлеріміз бен ұлттық дәстүрлеріміз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізімінде болуға әбден лайық деп санаймын. Құзырлы министрлікке осы мәселелерге қатысты жұмысты қолға алуды тапсырамын.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

БҮГІН ПРЕЗИДЕНТ ШВЕЙЦАРИЯҒА БАРАДЫ



22 қаңтар күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трамптың шақыруымен Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына қол қою рәсіміне қатысу үшін Давос қаласына жұмыс сапарымен барады.



МАҢЫЗДЫ САЯСИ РЕФОРМАЛАР БАСТАМАСЫ

XIV-XVI ғасырларда жазылған көне қолжазбалардың қазақ тілінде жарық көруіне атсалысып жүрмін. Соның ішінде Рашид ад-Диннің шығармаларын, Шараф ад-Дин Язвидің «Зафарнамесін», Мырза Ұлықбектің «4 ұлыстың тарихы» қолжазбасын аудару барысында тарихшыларға жәрдем жасадым. Сол еңбектің барлығында «Құрылтай» сөзі бар.

→ 6

ДОПИНГ ДАҢҚҚА АПАРМАЙДЫ



Арнайы спортқа қолданылатын, гормоналдық жүйеге әсер ететін препараттар бар. Мұндай дәрілер жүрек-қан тамыр жүйесіне ауыр салмақ түсіріп, инфаркт, инсульт немесе гормондық бұзылуларға алып келуі мүмкін. Әсіресе, тестостерон мен анаболикалық стероидтар адам ағзасына аса қауіпті саналады.

→ 8

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

22 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс. Оның ой-толғамдары қанша заман өтсе де өзекті болып қала береді. Қазіргі «Адал азамат» тұжырымдамасы ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен тығыз астасып жатыр. Біз Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз керек.

Әл-Фараби, Ясауи ілімдері де ұлт руханиятының ұстыны саналады. Ашығын айтсақ, ұлы бабаларымыздың өсиеттерін олардың мерейтойы кезінде ғана еске аламыз. Бұл дұрыс емес. Сондықтан әл-Фараби, Ясауи және Абай ілімдерін жан-жақты дәріптейтін ғылыми жиындарды тұрақты өткізіп тұруымыз қажет. Бұл басқаға емес, ең алдымен, өзіміз үшін керек. Олардың мұралары — біздің рухани-философиялық болмысымыздың тірегі», — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы Астана мен Алматыда Президенттік кітапханалардың құрылысы басталатынын айтты. «Менінше, бұл нысандар тек кітаптар жиналған жер емес, қазақтың тарихын, мәдениеті мен өркениетін дәріптейтін орталықтар болуы керек. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қарқынды дамыған сайын ұлттық бірегейлігімізді нығайту өзекті бола түседі. Төл тарихы мен мәдениетін электронды форматқа көшіріп, оны жандық цифрлық өркениетке қосқан елдер ғана ұлттық болмысын сақтап қалады. Мұны жана дәуірдің талабы деуге болады. Түптеп келгенде, бұл — жұртымыздың идеологиялық дербестігіне және болашағына тікелей қатысты мәселе», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент халықтың жады мен ғылым-білім жинақтайтын «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру идеясын қолдайтынын айтты. Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясындағы мұндай бастама тарихи мұрамызды сақтап, оны терең зерделеуге жол ашады. «Мен бытырғы Құрылтайда ғылыми еңбектерді, мұрағат материалдарын, мұражай қорларын және өнер туындыларын жүйелеу қажеттігін ерекше атап өттім. «Ұлттық цифрлық мұра» бұл шаруаны заман талабына сай жүргізуге мүмкіндік береді», — деді ол.

ТАРИХТЫ ДӘРІПТЕУ ЖАЛҒАСАДЫ

Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев тарих мәселесіне де назар аударды. «Біз соңғы жылдары сан ғасырлық тарихи мұрамызды ғылыми тұрғыдан зерделеу және дәріптеу жолында біраз жетістікке жеттік. Биыл көктемде Жошы хан туралы деректі фильмді түсіру жұмыстары аяқталады. Мен осы ауқымды жобаның басталғаны туралы Атырауда өткен Құрылтай отырысында айттым. Көп сериялы фильмнің тұсаукесері беделді халықаралық платформаларда өтеді. Бұл туынды Алтын Орда брендин жер жүзіне дәріптеуге ықпал етеді. Бірақ осындай тарихи тақырыпқа келгенде тартымды, көрнекі, яғни визуалды бейне жасаудан бөлек, алдымен оның ішкі мазмұны, мән-мағынасы терең болуын ойластыру қажет. Сондықтан менің тапсырмаммен мамыр айында Алтын Орда тарихына арналған халықаралық симпозиум ұйымдастырылады. Іс-шараға әлемнің беделді ғалымдары шақырылады.

Біз тұтас түркі өркениетін зерделеуге де баса мән береміз. Қырқыкте ресейлік әріптестерімізбен және басқа да елдердің өкілдерімен бірге «Өр Алтай — түркілердің ата қонысы» деген халықаралық конференция өткізуді жоспарлап отырмыз», — деді Президент.

Мемлекет басшысы бес жыл бұрын жарияланған «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» атты мақаласында қазіргі заманғы ғылыми тәсілдер негізінде төл тарихымызға арналған жаңа академиялық еңбек жазу туралы тапсырма бергенін, осы ауқымды әрі іргелі зерттеу жұмысы жыл соңына қарай аяқталатынын айтты. «Қазақстанның академиялық тарихының көлемді жеті томдығы жарыққа шығады. Бұл еңбек мемлекеттігімізді нығайтуға және ұлтымыздың біртұтас тарихи сана-сезімін қалыптастыруға қосқан қомақты үлесіміз болмақ. Осы маңызды ғылыми жинақ Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығына орай шыққалы отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Біз бұл тарихи белесті дәл осындай нақты істермен атап өтуіміз керек. Өткенді ұмытпай, болашаққа сеніммен қарасақ, еліміздің дәйекті дамуына жол ашылады. Сондай-ақ ұрпақтың отаншылдық сезімі ел игілігі жолындағы нақты іспен ұштасады.

Отаншылдық дегеніміз — әріне, Отанға деген сүйіспеншілік деген сөз. Алайда Отан алдындағы жауапкершілігіңді сезініп, перзенттік парызыңды өтеуге талпынбасаң, «отаншылмын, патриотпын» деген сөзіңнің құны көк тиын болмақ», — деді Қ.Тоқаев.

БІЗГЕ ЖАСАМПАЗ ОТАНШЫЛДЫҚ КЕРЕК

Ұлттық құрылтайда Президент отан-сүйіштік, ұлт мүддесін қорғау, мемлекеттік рәміздерді орынды пайдалану мәселесіне де тоқталды.

«Қазір қоғамда «Қазақстанның мемлекеттік Туын қайда және қашан қолданған жөн?» деген маңызды мәселе талқыланып жатыр. Бұл мәселе арнайы нормалармен және ережелермен реттеледі. Мемлекеттік рәміздерді пайдалануға жеңіл-желпі, салғырт қарауға болмайды. Заң талабы әрдайым орындалуға тиіс.

Дегенмен, ең алдымен, заңның түпкі мәнін терең түсіну керек. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеп, оларды жөнімен пайдаланатын отаншыл азаматтарды барынша қолдау қажет. Мен үйлерде, көліктерде, көшелерде, сондай-ақ еліміздегі, әсіресе, шетелдегі спорттық және мәдени іс-шараларда көк Туымыз желбіреп тұрғанда қуанып қаламын. Сол арқылы еліміздің азаматтары бірлігі бекем ұлт екенімізді көрсетеді. Олардың әрекеттерінен туған елін мақтан тұтатыны байқалып тұрады.

Қазақстанның аспанмен астасқан көк Туын бүкіл әлем біледі. Еліміздің спортшылары жарқын жеңісімен, ғалымдары іргелі еңбегімен, өнерпаздары тамаша дарынымен Отанымызды жер жүзіне танытып жүр. Әр азаматымыздың жетістігі — Қазақстанның жетістігі, әр өреніміздің абыройы — барша қазақтың беделі. Біз туған жерге жанашырлығын, туған елге адалдығын нақты іспен көрсететін нағыз патриот азаматтарды қолдауымыз қажет», — деді Президент.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы жасампаз отаншылдықтың негізгі қағидаттары өмірдің өзінен алынатынын айтты. Атап айтқанда, Президент «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясына, волонтерлік қозғалыстарға, қайырымдылық шараларға әлеуметтік кәсіпкерлікке және ел игілігіне арналған басқа да жұмыстарға белсене қатысуды — жауапкершілікке негізделген жасампаз отаншылдық көрінісі деп санайды. Әрі «Таза Қазақстан» акциясы ұлттық идеологиямыздың ажырамас бөлігіне айналғанын атап өтті. Өйткені тазалық халқымыздың адал ниеті мен таза пейілінен басталады. «Бұл — ең алдымен көшелерді, үйлерді таза, ұқыпты ұстау деген сөз. Таза Қазақстан — әдемі ұран да, науқан да емес, бұл — күнделікті қажырлы еңбектің нәтижесі. Тазалық тәртіпті күшейтуді, ал тәртіп жауапкершілікті арттырады. Осы маңызды тұжырымды ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Біз сонда ғана нағыз өркениетті және ілгері қадам басушы озық ел боламыз», — деді ол.

Президенттің пайымдауынша, Қазақстанның патриотты болу — азаматтық жауапкершілікті терең түсіну деген сөз. «Ұлт мүддесін желеу етіп бос айқайға басын, одан қалды, азаматтарымыздың Отанымызға деген шынайы сүйіспеншілігін саяси ұпай жинауға пайдаланғысы келетін теріс пияызды адамдардың бізге қажеті жоқ. Барлық салада, соның ішінде зауыттарда, ауыл шаруашылығында, денсаулық сақтау ұйымдарында, мектептерде, университеттер мен ғылыми зертханаларда, мемлекеттік мекемелерде, жеке компанияларда жұмыс істеп жүрген адамдардың білікті әрі табанды еңбегін, ескері борышын өтеп жүрген және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін азаматтарымыздың Отанға адалдығын жауапкершілікке негізделген жасампаз отаншылдық деуге болады», — деді Қ.Тоқаев.

Қазақстан Әділеттің, Заң мен тәртіптің мекені, еңбеккор адамдардың елі болуға тиіс. Заң үстемдігі мен жасампаз еңбек жоғары тұрмыстық мәдениет идеологиясымен астасып жатуы керек. Осы қағидаттар көптеген елде табысты әрі берекелі өмір сүрудің формуласы саналады. Осындай басты құндылықтар мен өмірлік ұстанымдар әр адамның бойына отбасынан, мектеп қабырғасынан дариды. Сондықтан біз іргелі институттарды күшейтуге баса назар аударуымыз керек.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА ҚАЗАҢДЫҚ ЖАСАУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Мемлекет басшысы өз сөзінде түрлі саяси авантюристердің ұлттық құндылықтарымыздың өзегіне бапта шабуына, жас-тарды «жаналық» болып көрінетін жат құндылықтарға еліктеріп, адастыруына жол бермеу қажет екенін айтты. «Менің нені мензеп тұрғанымды бәріңіз түсінген шығарсыздар деп сенемін. Мемлекет дәстүрлі мәдени құндылықтарын қорғауға, елді іштен ірітетін зиянды нәрселерді, турасын айтсақ, ерсі қылықтарды насихаттауға тосқауыл қоюға міндетті.

Қоғамымызда ер мен әйел өз өркімен шаңырақ көтеріп, некесін мемлекеттік мекемеде ресми түрде тіркейтін дәстүрлі отбасы институтын заңнамалық тұрғыдан нығайта түскен жөн. Бірақ мемлекеттің моральға қатысты ресми ұстанымына сай келмейтін қозқарасы үшін біреуді қылмыстық қудалауға, моральдық жағынан кемсітуге еш жол беруге болмайды. Ал мемлекеттің ұстанымын «Әр азаматтың таңдау құқығы бар. Алайда ешкім өз таңдауын біреуге күштеп тана алмайды» деген формуламен түйіндеуге болады. Біздің мемлекетіміз барлық азаматтың құқығы мен бостандығын, ар-намысын табандылықпен қорғай береді», — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен бірге Қасым-Жомарт Тоқаев Шымкентте Нұрай есімді бойжеткеннің кісі қолынан қаза болуы бүкіл елді дүркіртіргенін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, Ұлттық құрылтайға осы оқиға бойынша 130-дан астам өтініш келіп түскен. Күдіктінің Нұрайды аңдып, маза бермей, коқан-лоқы көрсеткенін анықталыпты. «Ақыры, мұның арты адам өліміне әкеп соқтырды. Осыған байланысты Ішкі істер министріне Шымкент қалалық департаментінің әрекетіне құқықтық баға беруді тапсырдым. Бас прокурор да бұл мәселені мұқият тексереді. Қыз алып қашу — адам ұрлау деген сөз, бұл — ұлтымыздың беделіне нұқсан келтіретін өрескел, жабайы қылмыс. Ондай қатыгездікке ешқашан жол беруге болмайды.

Жыл өткен сайын халықтың сана-сезімі өсіп, қоғамда азаматтық жауапкершілік деңгейі артып келеді. Заңнамалық өзгерістер де соған сай болуы өте маңызды. Заң мен тәртіп — бәріне ортақ. Еліміздің



ҰЛТ БОЛАШАҒЫН

әрбір азаматы заң талаптарын бұлжытпай орындауға тиіс», — деді Мемлекет басшысы.

АЛЫПТЫҢ ҚУАТЫ ХАЛЫҚТА

Президент өз сөзінде кез келген мемлекеттің күші халықта екенін айтты. «Азаматтарымыздың жасампаздық қуатының арқасында еліміз кез келген кедергі мен тосқауылға қарсы тұрып, орасан зор табысқа жетеріне кәміл сенемін. Өздеріңіз білесіздер, мен түрлі жоспар құрып, стратегиялар жасауды құптай бермеймін. Себебі бос қиялға беріліп, құрғақ әуде беруге түбегейлі қарсымын. Болашаққа бағдар жасап, жоспар құрғанда өмірге шынайы көзқараспен қараған жөн деп санаймын. Біз өте қауырт дәуірге қадам бастық. Бұл адамдардың үйренішті өмір салтын бұзады, сана-сезімін өзгертеді. Цифрландыру мен жасанды интеллект түбегейлі жаңа орта қалыптастырады. Онда өбден орнығып қалғандай көрінетін ұғымдар мен тәжірибелерге мүлдем орын жоқ. Жаһандық цифрлық экономика дәуірінде мемлекеттердегі халық саны бұрынғыдай аса маңызды болмай қалатын сияқты. Жасанды интеллект заманына бейімделе білген, соған қарап тіршілігін түзген, тіпті жаңа үдерістерге нақты әрі белсене қатысқан елдер ғана табысқа жетпек. Сондықтан Қазақстан цифрландыру ісін қарқынды дамытып, жеке және қоғамдық өмірдің барлық саласына жасанды интеллектті енгізе бастады.

Біз білім, ғылым және жоғары технология саласына қомақты инвестиция салатын болдық. Себебі адам капиталының сапасын арттыру — айрықша маңызды міндет. Бұл, әсіресе, ел дамуының қазіргідей тарихи, бетбұрысты кезеңінде халқымыздың болашағына тікелей әсерін тигізеді. Ең бастысы — бұл жоспарлар жұртты жүз уәдемен жарылқайтын тұсаукесер рәсімдері мен форумдардың көлем-кесінде қалып қоймауы керек. Біз пиар-



Абай ілімі біздің ұлттық бірегейлігіміздің, ұлттық болмысымыздың өзегі болуға тиіс. Оның ой-толғамдары қанша заман өтсе де өзекті болып қала береді. Қазіргі «Адал азамат» тұжырымдамасы ұлы ойшылдың «Толық адам» идеясымен тығыз астасып жатыр. Біз Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» деректі мұралар тізіміне енгізуіміз керек.

ҚУАТ КӨЗДЕРІН ТІІМДІ ПАЙДАЛАНУ ҚАЖЕТ

Президент энергетика мәселесіне айрықша тоқталды. Ол жоғары технологияға негізделген, энергияны көп қажет етпейтін жаңа экономика құру үшін, ең алдымен, мықты инфрақұрылым қалыптастыру қажет екенін айтты. «Логистика саласында алдымен көрінген жерге қойма салынып, содан кейін ғана оған аса маңызды инженерлік жүйелер тартылып жатады. Осындай қателіктерге жол бермеу керек. Оның үстіне, мұндай нысандар бөріне бірыңғай талаптарға сай келе бермейді. Соның салдарынан шығын көбейіп, ауқымды жұмыстың мән-маңызы жоғалады. Бұл — басқару ісіндегі сауатсыздықтың көрінісі. Сондықтан мұқият ойластырылған әрі ортақ ұстаным болуы қажет. Барлық IT инфрақұрылымның сенімді, үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қуатты дата-орталықтар салуға арналған арнайы аймақтарды алдын ала анықтап алу керек. Деректерді талдау орталықтарын дәл сондай жерлерге салу қажет. Мұндай орталықтарда қуат көздері, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және салқындату жүйесі болуға тиіс.

Үкімет Павлодар облысының әкімдігімен бірге Екібастұз бассейнінің энергетикалық қуатын пайдалана отырып, «Деректерді өңдеу орталығы алқабын» жасауды жоспарлап отыр. Бастама жаман емес, оның қаншалықты табысты жүзеге асырылатынын көре жатармыз», — деді Президент.

Сонымен бірге олатом стансаларының құрылысы аяқталғанын күтпей-ақ, жаңа қуат көздерін іске қосуды қолға алу. Сондай-ақ дата-орталықтар металлургия комбинаттары сияқты көп мөлшерде энергия тұтынатынын қаперде ұстаған жөн. «Сол себепті, қуат көздерінің жеткілікті болуын қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың аса маңызды бөлігі ретінде қарастырылуға тиіс. Қазақстанда 123,1

дағы 2-ГРЭС-тің қосымша энергоблок-тарын уақытылы іске қосуды, 3-ГРЭС-тің құрылысын бастауды тапсырды. «Энергетика жүйесінің орнықты болуын қамтамасыз ету үшін теңгерімді қуат көздерін тезірек іске қосу қажет. Бұл — ең алдымен газдан қуат өндіруге қатысты мәселе. Жаңа кен орындарын іздеу арқылы табиғи газ өндіру ісінің әлеуетін арттыру керек. Өкінішке қарай, көгілдір отын өндірісі экономикамыздың күн өткен сайын өсіп бара жатқан сұранысын өтей алмай келеді. Былтырдың өзінде тауарлы газ импорты 18 пайызға өсіп, 4,5 миллиард текше метрге жетті. Соған қарамастан, жаңа газ кеніштерін ашу жұмыстары өте баяу жүріп жатыр. Бұл — тиімсіз жоспарлаудың тікелей салдары. Қазіргі ерекше жағдайда бұған мүлдем жол беруге болмайды. Мен QazaqGaz басшылығына жеке қаражат есебінен және инвесторларды тарту арқылы болашағы зор учаскелерді игеруге кірісуді тапсырдым», — деді ол.

Үкімет «Самұрық-Қазына» қорымен бірге геологиялық барлау жұмыстарын жандандырып, жаңа көмірсутегі кеніштерін игерілуін қамтамасыз етуге тиіс. Газ өңдеуге қатысты ірі жобалардың дер кезінде іске қосылуын қатаң бақылауға алған жөн. Бізге құр ниетті ғана танытатын құжаттар емес, нақты нәтижелер керек.

«Энергетика жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін тағы бір маңызды резерв — еліміздің су ресурстары. Оның әлеуеті тиісті деңгейде пайдаланылмай отыр. Ашығын айтсақ, осы аса маңызды бағыттағы жұмыстар бей-берекет жүргізіліп жатыр. Еліміздің қолда бар су қорына шұғыл түрде нақты бағалау жасаған жөн. Өйткені кенес заманынан қалған мәліметтер өлдекшан ескірді. Ғылым академиясындағы ғалымдарымыз қайда? Олар неліктен осы уақытқа дейін еліміздің су қорына қатысты баға бермеген? Қазақстанның су-энергетика ресурстарын шынайы көрсететін карта әзірлеу қажет.

Уақыт күтіп тұрмайды. Бұл құжаттарды әзірлеу жұмыстары гидроэнергетиканы жедел дамытуға кедергі болмауға тиіс. Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қоры кейбір гидротехникалық нысандардың тиімділігін арттыру үшін оны сенімгерлік басқаруға беру мәселесін шешуі қажет», — деді Мемлекет басшысы.

ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫН ЖҮРГЕН БІЛЕДІ

Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы көңіл бөлерлік тағы бір мәселе — жолдың жайы. Президент көлік-логистика кешеніне де баса назар аударып дұрыс дамытпасақ, ел экономикасын тұрақты өсіру мүмкін болмайтынын айтты. Қазақстанның орасан зор транзиттік әлеуетін толық пайдалану үшін қыруар шаруа атқару керек.

«Елімізде қызу жұмыс қолға алынды. Мыңдаған шақырымдық автокөлік жолдары мен теміржолдар салынып, жөнделіп жатыр. Басты бағыттардың талапқа сай емес тұстары ретке келтірілуде. Вокзалдар, теңіз және әуе порттары, сондай-ақ құрғақ порттар жаңғыртылып, кей жерде жанадан салынып жатыр. Мультимодальды тасымал түрі де дамып келеді.

Автокөлік тасымалы саласы да аса маңызды. Елдегі автокөлік жолдарын халықаралық стандарттарға сай жаңғырту — айрықша маңызды міндет. Бұл, біріншіден, Қазақстанның батыс пен шығыс арасындағы транзит дәлізі ретіндегі ролін арттыра түседі. Екіншіден, облыстар арасындағы көлік байланысын барынша жақсартлады.

Жақында Қызылорда — Жезқазған жолының Қызылордада тиесілі бөлігі салынып бітті. Жыл соңына дейін Ұлытау облысындағы бөлігінде көлік қозғалысы толық ашылады. Жолдың жалпы ұзындығы — шамамен 400 шақырым.

Ең бастысы, биыл елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды инфрақұрылымдық жоба басталады. «Батыс Қытай — Батыс Еуропа» — Қазақстандағы ең негізгі жолдың бірі. Алайда, оның Қызылорда — Ақтөбе арасындағы бөлігі — тар, көлік апаттары жиі болып жатады. Мен осыған дейін бұл жолды кеңейту туралы тапсырма бердім. Биыл осы бағытта 4 жолақты жаңа күре жолдың құрылысы басталады», — деді Президент.

Оның айтуынша, жолдың көбі облыстардың ішкі жолы болып қала береді.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

22 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Сондай-ақ Президент былтырғы Жолдауында «Бейнеу — Сексеуіл» жолының құрылысын тездетуді тапсырғанын еске салды. «Ондағы жұмыстар да биыл басталамақ. Жоба жүзеге асқан соң «Орта дәліздің» қашықтығы 900 шақырымға қысқарады, яғни Актау, Құрық порттарына тура жол ашылады. «Қарағанды — Жезказған» бағытындағы жол талай жылдан бері тозып тұр. Биыл ескі жолдың капталына екі жолақты жана жол салуға кірісеміз. Кейін ескі жолды да жаңғыртып, төрт жолақ ету жоспарлануда. Бұдан бөлек, Сарыағаш маңындағы көлік қозғалысы да өте тығыз. Сондықтан осы жылы «Сарыағаш айналма жолының» құрылысы қолға алынады. Барлық жұмыстың сапалы әрі уақытылы орындалуын тікелей бақылауда ұстайтын боламын. Себебі бұл жобалар Қазақстанның халықаралық көлік-логистика орталығы ретіндегі әлеуетін мейлінше нығайта түседі», — деді Мемлекет басшысы.

Президент автокөлік жолдарымен қатар теміржол инфрақұрылымын да кеңейтіп, жақсарту жұмысын жалғастырған жөн санайды. «Бұл — тасымал жолдарының

төмендетуге қатысты жұмыстар қолға алынды, жана инвестициялық кезең басталғаны жарияланды. Басқа да шешімдер қабылданды. Экономика және бизнес саласы жана салық режиміне көшіп жатыр. Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар фискалдық жүйедегі өзгерістің елді дүрліктірмей, бірқалыпты жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге міндетті. Салық кодексінің қолдануға қатысты жұртшылықтың ойға қонымды, сындарлы ұсыныстарын мұқият зерделеу керек. Қажет болса, түзетулер енгізген жөн. Түптің түбінде Салық кодексі қасиетті кітап емес», — деді Президент Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде.

Ол қоғамда өзгерістер жасаған кезде халықпен тиімді байланыс орнату аса маңызды екеніне тоқталып, азаматтардың өтініштеріне қатысты жүйелі жұмыс жүргізу халықтың тыныс-тіршілігінен хабардар болып, олардың талап-тілегіне уақытылы жауап беруге жол ашатынын айтты.

«Сонғы кезде маған жекеменшік мектептерді қаржыландыру тәсіліне қатысты шағымдар жиі келіп түсетін болды. Жуырда «Turkistan» газетіне берген сұхбатымда

лекеттік ауқымдағы өзекті міндет болып қала береді», — деді Президент.

Оның пайымдауынша, шектен шыққан алаяқтар ұлттық қауіпсіздікке шындап қатер төндіруге айналған. Медициналық сақтандыру қорында қомақты қаржы қолды болса, сол уақытта «Жедел жәрдем» қызметкерлері мен фельдшерлер алаяқтардың арбауымен наразылық акциясына шығады, әлеуметтік талаптар қояды.

«Біздің азаматтарымыз алаяқтардың құрбаны болып жатыр. Көптеген адам адал еңбекпен тапқан табысынан айырылуда. Алдауға сеніп, қылмыстық қаржы операцияларының қақпанына түсіп жатыр. Әлемде иммиграциялық алаяқтық та қатты ұшығып тұр. Еуропа мен АҚШ-та не болып жатқанын баршаңыз көріп-біліп отырсыздар. Бұл мәселе біздің еліміз үшін де өзекті. Себебі уақыт өткен сайын Қазақстан шетелдіктердің жұмыс істеуіне және тұрақтап қалуына қолайлы елге айналып келеді. Құқық қорғау органдары Қазақстан аумағында шетелдіктердің тұрақты тұруын заңдастыру үшін заңсыз

келеді. Басқаша айтсақ, бұрын мүмкін еместей немесе адам сенгісіз көрінетін нәрселер қазір қалыпты жағдайға айналууда. Халықаралық құқық көз алдымызда қадір-қасиетінен айырылып жатыр. Дүниежүзінде сенім дағдарысы күшейе түсті. Әлемде әскери шығындар рекордтық деңгейге жетіп, үш триллион долларға жуықтады. 2035 жылға қарай бұл көрсеткіш тағы еселеп өсуі мүмкін.

Күн өткен сайын өрши түскен милитаризация халықаралық қоғамның әлемде әділ тәртіп құруға бағытталған күш-жігерін жокқа шығарып жатыр. Осындай күрделі жағдайда сыртқы саясаттың мән-маңызы арта түседі. Ол барынша теңгерімді болып, мемлекеттің стратегиялық мүддесін қорғауға және ілгерілетуге бағытталуы керек», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент дипломатияда бұрыс шешімнің салдары ауыр болатынын айтып, ұзақмерзімді мүдде ескерілуі қажет екенін айтты.

«Жалпы, дипломатияда бұрыс шешімнің салдары өте ауыр болады. Мемлекеттің ұзақ мерзімге арналған мүдделеріне орын толмас нұқсан келуі ықтимал. Бізге бұл жағдай жақсы таныс. Экономика саласында бір жоспарды немесе тұжырымдаманы басқа бір бағдарламалық құжатпен алмастыруға болады. Ал халықаралық шарттарға қол қойған соң одан бас тарта алмайсыз. Айтылған сөз — атылған оқ!

Біз дипломатияны халықаралық қатығыс пен дау-дамайға апаратын жол емес, мәмілеге, келісімге келудің еш баламасы жоқ, ең маңызды құралы деп білеміз. Кәсіби ұстаным мен шынайы ниет болса, кез келген қатығыстың түйінін тарқатуға болады.

Мен Ибраһим келісімдеріне қосылу туралы шешім қабылдадым. Президент Трамп тарихтың астарын және қазіргі саяси ахуалды терең түсіне отырып жасаған мұндай келісімдер дипломатиялық инновация деуге болады. Ол Таяу Шығыста бейбітшілікті мықтап орнатуға арналған Ибраһим келісімдеріне қосылу жөніндегі шешімінің дұрыс екеніне сенімді және оны жүзеге асыруға бар күшін салады. Бұл келісімнің түпкі мәнін түсіну үшін оның атауына назар аударуымыз керек. Авраам, яғни Ибраһим дін тарихында иудаизм, христиан және ислам діндеріне ортақ пайғамбар болып есептеледі.

Еліміз бүкіл адамзатты біріктіретін құндылықтарға арқа сүйеуге тиіс. Біз түрлі халықтар мен дін өкілдері арасында татулық болғанын қалаймыз. Сол себепті осы келісімге қосылғанымыздың мән-мағынасы ерекше, бұл шешім еліміздің халықаралық беделіне оң серпін береді», — деді Қ.Тоқаев.

Жалпы, Қазақстан — жауапкершілігі жоғары «орта держава» және жер көлемі бойынша ислам әлеміндегі аса ірі мемлекет. Еліміз баршаға түсінікті, яғни ақылға қонымды және әділ саясатты жақтайды, осы ұстанымды әрдайым сақтайды. Сыртқы саясаттағы іс-әрекетіміздің бәрі бір ғана максатты көздейді. «Ең бастысы, Қазақстанның жерінің тұтастығын, қауіпсіздігін мен егемендігін қамтамасыз етуіміз керек. Қазак мемлекетінің басшысы ретінде мен үшін Тәуелсіздік — бәрінен қымбат! Бұл — мерейтой кезіндегі ұран емес, қазіргі дүрбеленге толы заманда ұлттық стратегиямыздың негізгі қағидасы. Мен «Тәуелсіздік дегеніміз — ең алдымен, жалпыұлттық бірлік пен келісім» екенін үнемі айтып жүрмін. Біз ел бірлігін сақтап, өсіп-өркендеген, абырой-беделі жоғары әрі қуатты мемлекет құруды басты міндетіміз деп санауымыз қажет. Осы максатқа стратегиялық тұрғыдан қарап, парасатты, дана халық екенімізді көрсетуіміз керек.

Бұрын да айтқам, қазір де атап өткім келеді: біз «тарихи жаракат алған» ұлт психологиясынан біржола арылуымыз керек. Басқа түскен қайғы-қасіреттің бәрін өзге халықтардан көру, ұлтымыздың маңдайына жазылған ащы тағдыр туралы бітпейтін пікірталастар жүргізу — кешегі күнмен өмір сүру деген сөз.

Бүкіл әлем өзгеріп жатыр, бізге де өзгеретін уақыт келді. Біз — болашағы жарқын, жолы ашық жас мемлекетпіз. Сондықтан уақыт көшінен қалмай, тек алға қарай жүруіміз керек», — деді Президент.

Мемлекет басшысының пайымдауынша, әлем барлық салада бірдей үлкен өзгеріске ұшырайды. Саясат пен экономикадан бастап, климат пен технологияға дейін, бәрі өзгереді. Мұндай жағдайда Қазақстан да батыл әрі тосын инновациялық шешім қабылдай білуі, еш нәрседен қорықпауы керек. «Мен Үкімет мүшелеріне «Егер әлдекімен немесе әлденеден қорықсаныздар, маған қызметтік хат жазыңыздар. Егер сіздер қабылдаған шешімнің, иә болмаса ұсыныстың пайдасы болатынын байқасаам, он резолюция қоямын. Бүкіл жауапкершілікті өзіме аламын» деп ескерттім. Осы үндеуді, ең алдымен, мемлекеттік қызметшілерге, кәсіпкерлер мен ғалымдарға қарата айтып отырмын. Үлкен әрі түбегейлі өзгерістер уақыты келе жатыр, тіпті басталып кетті деуге болады. Еліміз жана тарихи әлемнен лайықты орнын иеленуі қажет», — деді Президент.

ҚҰРЫЛТАЙ ПАРЛАМЕНТТІ АЛМАСТЫРУЫ МҮМКІН

«Биыл Қазақстанның келешегіне тікелей ықпал ететін аса маңызды жыл болады. Мен мұны жақында «Turkistan» газетіне берген сұхбатымда атап өттім. Еліміз ауқымды саяси жаңғырудың жана кезеңіне қадам басқалы тұр. Алдағы парламенттік реформа осы өзгерістердің өзегі болатыны анық.

Жолдауымда бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтергенімді білесіз-

дер. Бұл аса маңызды мәселе қоғамда кенінен талқыланды. Мен былтыр 8 қазанда Парламенттік реформа жөніндегі Жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойдым. Оның құрамына белгілі заңгерлер, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді. Елдік іске бейжай қарамайтын басқа да азаматтарымыздың бұл талқылауға қатысуы өте маңызды. Сондықтан e-Otinish платформасы мен Egov порталында «Парламенттік реформа» деген арнайы бөлім ашылды. Азаматтарымыз осы мәселеге қатысты өздерінің ой-пікірін білдіріп, ұсыныстарын жолдады. Жұмыс тобы келіп түскен ұсыныстарды жинақтап, зерделеп, парламенттік реформаны барлық жағынан қарастырды, өте маңызды жұмыс атқарды. Бұл бағыттағы шаруаның бәрін өзім тікелей бақылауда ұстайдым. Былтыр қазан айының ортасында Жұмыс тобының алғашқы отырысын өткіздім. Желтоқсанның 2-сі және 29-ы күндері тағы екі жиын болды. Жана жылдан бері Жұмыс тобының мүшелері 3 рет бас қосты. Соңғы отырыс күні кеше ғана Құрылтай қарсаңында өтті.

Бір сөзбен, конституциялық реформа туралы қызу талқылаулар жарты жылға жуық уақыт бойы жүріп жатыр. Бір палаталы Парламентке көшу туралы бастаманы халық қолдап отыр десек, ешқандай қате болмас. Қоғамдық пікірді білу үшін тұрақты түрде жүргізілген сауалнамалар және жұмыс тобының қорытындысы да осы пайымға келіп тоғысады. Депутаттар мен партия фракцияларының жетекшілері жақында аймақтарды аралап, сайлаушылармен кездесіп қайтты. Олар халықтың осы бастамадан хабардар екенін және реформаны қолдап отырғанын айтуда. Бұл жерде қандай да бір пікір қайшылығы жоқ», — деді Қ.Тоқаев.

Президенттің айтуынша, жалпы бағыт-бағдарымыз — айқын. Алдағы өзгерістерге қатысты ортақ мәміле бар. Жұмыс тобы барлығын жан-жақты сараптап отырып, нақты пайымдары мен ұсыныстарын ортаға салған. Негізгі пікірталас «Жана Парламент қандай болады, неше депутаттан тұрады? Құрылымы қандай болады және қалай жұмыс істейді?» деген сауалдар жөнінде өрбіді. Бұл терең зерделеп, жан-жақты сараптап, өлшеп, байыппен түпкілікті шешім қабылдайтын аса маңызды, тіпті шешуші мәселе болды.

«Қазір мен Ұлттық құрылтайдың төрінен сіздерге Жұмыс тобында талқыланған негізгі ұсыныстарды таныстырғым келеді. Ең алдымен, болашақ Парламенттің атауы бойынша пікірімді айтсам. Қысқаша айтқанда, Құрылтай деген атауды беру керек деп сенемін. Құрылтайдың тарихи аясы да, мағынасы да халқымызға түсінікті, жақын. Құрылтай отырыстарын жаңғырту бастамасын мен өзім 2022 жылы көтердім. Бұл баяндаманың басында Құрылтай жұмысының тиімділігі мен пайдасына ден қойдым. Жалпы, еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек деп ойлаймын.

Ал депутаттар санына қалсақ, бұл мәселе де қызу пікірталас туғызды. Ең көп пікір қайшылығы осы мәселеге қатысты болды. Бірінші тарап еліміздегі халық санына қарай пропорционалды үкелдік идеясын ұсынды. Екінші тарап депутат санын 500-ге дейін арттыру қажет деді. Біздің негізгі мақсатымыз — шын мәнінде тиімді әрі кәсіби Парламент құру. Жана заң шығарушы орган елдегі ауқымды өзгерістерге заңнамалық тұрғыда барынша қолдау көрсетуге тиіс. Әлемдегі озық тәжірибелерге қарасақ, бұл үшін депутат санын көбейтудің еш қажеті жоқ. Сондықтан мәселе — санда емес, сапада! Ең бастысы, Парламентте нағыз отаншыл азаматтар, білікті мамандар отыруға тиіс!

Жұмыс тобы азаматтардың ұсыныстарын мұқият зерделеп, қызу талқылады. Ақыр соңында Парламенттің мандат саны 145 болуы керек деген байлама келді. Жана Парламентте Төрағаның үш орынбасары болуы мүмкін. Ал комитет саны 8-ден аспауы керек», — деді Президент.

Президенттің айтуынша, ұсыныстардың екінші бөлігі Парламенттің негізгі мемлекеттік органдардың құрамын жасақтау ісіндегі құзыреті туралы болған. Қазіргі Конституцияға сәйкес Конституциялық Соттың, Жоғары аудиторлық палатаның және Орталық сайлау комиссиясының құрамын жасақтау құзыреті Мәжіліс, Сенат және Президент арасында теңдей бөлінген. Енді осы маңызды мемлекеттік құрылымдардың барлық мүшесі Парламенттің келісімімен ғана тағайындалуы қажет деген ұсыныс айтылыпты. Бұған қоса, Президенттің ұсынысы бойынша Жоғарғы Соттың барлық судьяларын сайлау құзыретін жоғары өкілді орган депутаттарына беру ұсынылды. Бұл — билік тармақтары арасындағы тежегіш тепе-теңдік жүйесін нығайту және ұлттық парламентаризмді дамыту жолындағы маңызды қадам.

«Ұсыныстардың үшінші бөлігі жана Парламентті жасақтау тәртібі туралы болды. Депутаттар енді пропорционалды жүйе қағидатымен сайланады. Мұндай тәсіл саяси партиялардың институционалдық рөлін күшейтеді. Сондай-ақ олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырады. Кейбір партиялар Парламентпен қатар, барлық деңгейдегі мәслихаттарды пропорционалды жүйемен жасақтауды ұсынырғанын білемін. Бірақ аймақтарда мажоритарлық жүйені сақтап қалу керек деп ойлаймын. Еліміздің өңірлерінде жергілікті азаматтардың дауыстары, пікірлері жақсы естілуі қажет. Бұл — мен үшін айқын ұстаным.

(Жалғасы 4-бетте)

АЙҚЫНДАҒАН ҚҰРЫЛТАЙ

өзара байланысы тұрғысынан алғанда өте маңызды мәселе. Былтыр «Достық — Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылды. Алматыны айналып өтетін теміржол құрылысы аяқталды. Мұның бәрі еліміздің транзиттік әлеуетін айтарлықтай көтерді. Биыл «Қызылжар — Мойынты» және «Дарбаза — Мактаарал» теміржол желілері салынады. Сондай-ақ «Алтынкөл — Жетіген» және «Жезказған — Сексеуіл» бағыттары бойынша теміржол учаскелері жаңғыртылады.

Әуе жолдарын дамыту ісі Қазақстан үшін өте маңызды. Жана халықаралық рейстерді іске қосу қажет. Бұл — экономикалық мәселе ғана емес, азаматтары әлемді емін-еркін аралайтын ашық қоғамы бар мемлекет екенімізді білдіретін қадам.

мен бұған қатысты өз ұстанымымды айттым. Білім саласын мемлекет тарапынан қаржыландырудың қазіргі тәртібі бұрмаланған. Бұл олқылықты уақыт оздырмай түзету қажет. Жекеменшік мектептерге жүргізілген аудит нәтижесінде заңсыз және негізсіз шығындарға байланысты құқықбұзушылықтар анықталды. Бұл түйткіл жан басына сәйкес қаржыландыру жүйесінің осалдығынан туындап отыр.

Үкіметке білім беру саласындағы мемлекеттік қаржыландыру жүйесін шұғыл түрде реформалау жүктелді. Қаржыландырудың нақты критерийлерін әзірлеу керек. Осы орайда, орта білім беру жүйесін дамыту ісінде бизнес саласы маңызды рөл атқаратынын ескерген жөн», — деді Президент.

Одан бөлек, Президент өзге де салаларда олқылықтар бар екеніне назар

құжат әперумен айналысқан алаяқтардың қылмысын әшкереледі.

Экономикалық немесе әлеуметтік саладағы алаяқтық қылмыстарға қарсы күресті күшейту қажет. Сондай-ақ ұсақ бұзақылардан, вандалдар мен ұрылардан бастап, ұйымдасқан қылмыстық топ мүшелеріне және қоғамның тыныштығын бұзғысы келетін арандатушыларға дейін, қысқасы, заң мен тәртіпті бұзғандардың бәрін батыл түрде жауапкершілікке тарту қажет. Бұл — өте өзекті әрі ең басты міндеттің бірі.

Цифрландыру үдерісі барлық жерде жаппай жүргізіледі. Сондықтан дербес деректерді заңнамалық тұрғыдан қорғауға, азаматтардың қаржылық және цифрлық сауатын арттыруға ерекше көңіл бөлу керек», — деді Мемлекет басшысы.



ҮКІМЕТ ҰЛТ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУЫ КЕРЕК

аударды. Әсіресе, денсаулық сақтау саласы көпшіліктің көңілінен шықпай тұр. Тиісті тексерулер көп былықты әшкереледі.

«Мұндай, тіпті бұдан да зор мәселелер денсаулық сақтау саласында да туындап отыр. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жұмысын жан-жақты тексеру барысында көптеген заңбұзушылықтар мен қызмет бабын асыра пайдалану жайттары анықталды. Мемлекеттен қыуар қаржы жымқыру үшін көп-көп-неу жалған деректер ұсынылған, өтірік мәліметтер енгізілген.

Бүкіл ел экономикамызды өркендетіп, инфрақұрылым жобаларын жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін жұмылдырып, денсаулық сақтау саласын дамытуға қаржысын жұмсап жатса, әлеуметтік салаға бөлінген орасан зор қаражат талан-таражға түседі. Медицина саласын дамытуға мемлекет 2024–2025 жылдардың өзінде 7,8 триллион теңге бөлді емес пе?! Түсінікті болуы үшін айтайын, бұл — 15,5 миллиард доллар деген сөз.

Мемлекеттің білім беру және денсаулық сақтау саласына жұмсап жатқан қаржысы, ең алдымен, азаматтарымыздың тұрмыс сапасын арттыруға арналатынын және Әділетті Қазақстанды құру стратегиясымен ұштасып жатқанын түсінген абзал», — деді Президент.

Мемлекет басшысы құқық қорғау органдарына сыбайлас жемқорлықтың кінәсіне амал-айласын тауып, пайдаға кенеліп жатқандарды анықтау тапсырылғанын, Үкіметтің Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын Қаржы министрлігіне беру туралы шешімін қолдайтынын айтты. «Әлеуметтік сала басшыларының біліксіздігі мен мемлекет мүддесіне немқұрайлы қарауының салдарынан Қорда осындай жағдай орын алып отыр. Бұл жағдайда патриотизм туралы сөз қозғаудың өзі артық. Сондықтан шенеуніктер адал болуға тиіс деген талап жалпы мем-

БАСТЫ МАКСАТ – ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨСІМІН БӘСЕНДЕТЕУ

«Біздің басты стратегиялық мақсатымыз — экономиканың сапалы өсу қарқынын бәсепдетіу. Сол үшін инфляцияны

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

22 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ

ҰЛТ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАҒАН ҚҰРЫЛТАЙ

(Басы 2-3-беттерде)

Талқылау кезінде маған Парламенттегі Президент квотасын қалдыру керек деген ұсыныс айтылды. Бірақ мен жаңа Парламент ешкімнің қамқорлығына, қадағалауына мұқтаж емес екеніне сенімдімін. Депутаттардың ішінде арнайы тағайындалған «таңдаулы тұлғалар» болмауы керек. Олар бәріне бірдей, ортақ тәртіппен сайлануға тиіс. Соған сәйкес, Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы квотасы да алынып тасталады. Осы ұстаныммен жастарға, әйелдер мен ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған квотаны қоса алып тастауды ұсынғандар болды. Бірақ бұл мүлде басқа мәселе. Бұл квота — әлеуметтік әділдік қағидатының айқын көрінісі, сондай-ақ еліміздегі барлық қоғамдық-саяси өкілдерді ескеретін маңызды талап. Сол себепті осы квоталарды өзгеріссіз сақтап қалуды ұсынамын», — деді Қ.Тоқаев.

Президент өз сөзінде партиялардың Парламентке өту межесін өзгеріссіз қалдыруды құп көретінін айтты. Талқылау барысында бұл межені қазіргі бес пайыздан жеті пайызға қайта көтеру жөнінде ұсыныстар айтылыпты. «Бұл ереже кезінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бастамасымен қабылданған болатын. Бес жыл бұрын енгізілген осындай өзгерістер сайлау заңнамасын жақсартуға едәуір септігін тигізді. Межені төмендету арқылы Парламенттегі ірі саяси күштердің үстемдігін азайтып, партиялар арасындағы бәсекені күшейтуді мақсат тұтқан едік. Бүгінгі таңда осы норманын тиімділігіне көзіміз жетті. Ел тарихында алғаш рет Мәжіліске алты партияның өтуі — соның айқын дәлелі. Сондықтан мен бес пайыздық межені қалдырған жөн деп санаймын», — деді Қ.Тоқаев.

Ұсыныстардың төртінші бөлігі заң шығарушы органның жұмыс тәртібі мен рәсімдеріне қатысты болған. Жаңа Парламентте депутаттарды бес жылға сайлау көзделіп отыр. Заң қабылдаудың үш кезеңнен тұратын процедурасы ұсынылады. Депутаттар бірінші кезеңде заң жобасын жалпы мақұлдайды. Одан кейін өзгерістерді мақұлдайды, сонында заңды қабылдайды. Осылайша, біз Парламент қызметін түбегейлі қайта құру арқылы осыған дейін жүзеге асырылған саяси реформаларды одан әрі жалғастырамыз. Мемлекеттің институционалдық тұғырын нығайтып, «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» қағидатына сәйкес орнықты саяси жүйе қалыптастырамыз. Басты мақсатымыз да — осы. Билік институттарының жаңа құрылымы баршаға бірдей мүмкіндік беретін әділетті қоғам құрудың мызғымас негізі болмақ.

«Түптеп келгенде, біз бір қоғам болып қолға алған Парламенттік реформа еліміздің әлеуетін арттыратын болады. Сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қарқынның күшейтіп, сапасын жақсартта түседі. Мен Мемлекет басшысы ретінде бұған көміл сенемін.

Мен реформалар қоғамдық қажеттілігі мен мемлекеттің даму жоспарына сәйкес үздіксіз жалғаса беретін үдеріс екенін бұған дейін бірнеше рет айттым. Өзгеріс жасау мәселесі әбден пісіп-жетілгенін Жұмыс тобы аясында өткен талқылаулардың қорытындысынан анық байқауға болады. Біз заңгерлер мен сарапшылардан, қоғам белсенділерінен парламенттік реформаға қатысты бес жүзден астам ұсыныс алдық. Еліміздің жалпы конституциялық құрылымына қатысты ұсыныстар саны бұдан үш еседей көп болды. Оның ішінде Жұмыс тобының құзыретіне кірмесе де, нақты негіздемесі бар, мұқият қарастыруды қажет ететін мәселелер де болды. Мысалы, қоғамды өңірлер мен этномәдени бірлестіктер өкілдерінің мемлекеттік билік жүйесінде болуына қатысты жайттар алаңдатады. Бұл жайында депутат Пономарев баяндады. Мұның елеусіз қалдыруға болмайтын, маңызды мәселе екені сөзсіз. Сондықтан оған мемлекет мүддесін ескере отырып, зор жауапкершілікпен қарау қажет. Жоспарланған өзгерістің бәрі үйлесімді болып, бірін-бірі толықтырып отыруы керек, ешқашан өзара қайшылыққа әкеп соқпаймауға тиіс.

Қазақстандағы бірлік пен келісімнің бірегей үлгісі конституциялық қағидаттарға негізделген. Елімізде билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың қалыптасқан дәстүрі бар. Менің мызғымас ұстанымым — осы құндылықтарды сақтап қана қоймай, нығайта түсу қажет», — деді Президент.

ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ — ЖАҢА ИНСТИТУТ

Сөз басында Ұлттық құрылтайдың Қызылордадағы басқосуы осынау құрылымының соңғы жиыны болғанын айттық. Өйткені Президент институционалды өзгерістер жасалатынын атап өтті.

«Реформалардың жаңа кезеңінде қоғам дамуының барлық мәселесіне қатысты тұрақты жалпыұлттық диалог жүргізу үшін ауқымды платформа немесе биік мінбер қажет. Халқымыздың ынтымақ-бірлігін нығайтуға ықпал ететін негізгі қоғамдық-саяси бірлестіктер мен құрылымдар осы платформаға келіп тоғысуға тиіс. Бұл ретте Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың тарихи мән-маңызы зор әрі айрықша жауапты миссиялары табысты аяқталды деп санауға болады. Енді жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құруды ұсынамын. Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту сияқты міндеттерін



осы жаңа органға жүктей отырып, стратегиялық сабақтастықты сақтап қалу өте маңызды деп санаймын. Сонымен бірге, Халық Кеңесі басқа елдердегі консультативті құрылымдардың он тәжірибелерін ескере отырып құрылатын жаңа мемлекеттік орган болмақ. Оның құрамына барлық этностың, түрлі санаттағы азаматтардың және аймақтардың өкілдері кіреді», — деді Президент.

Мемлекет басшысының сөзіне қарағанда, Қазақстанның Халық Кеңесі мемлекетіміздің жоғары консультативтік органы мәртебесіне ие болады. Кеңесті 126 адамнан жасақтап, оған этномәдени орталықтардың 42 өкілін, ірі қоғамдық бірлестіктердің 42 өкілін және мәслихаттар мен аймақтардағы қоғамдық кеңестердің 42 өкілін қосудың шарты. Халық Кеңесінің барлық мүшесін Президент тағайындайды. Ал төрағасын оның мүшелері сайлайды. Кеңес төрағасының қоғамдық негізде жұмыс істеп, ротация арқылы тағайындалатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық меңгерушісі болады.

«Халық Кеңесіне заң шығаруға бастамашылық ету құқығы берілуге тиіс. Бұл қадам оның мәртебесін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз. Жылғына кемінде бір рет шақырылатын сессия Халық Кеңесінің жоғары органы рөлін атқарады. Қазақстан



халқы Ассамблеясының этносаралық және конфессияаралық келісім мәселелеріне қатысты негізгі қызметі Кеңеске беріледі. Ішкі саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу жаңа органның негізгі міндетінің бірі болмақ. Бұл мекеме мемлекеттік идеологияға қатысты мәселелерді, сондай-ақ Конституцияның және еліміздегі өзге де аса маңызды құжаттардың ережелерін түсіндіріп, насихаттау жұмысымен айналысады. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін, мемлекеттік маңызы бар басқа да гуманитарлық форумдарды өткізуде Кеңестің құзыретіне кіреді. Халық Кеңесінің мәртебесі мен оны құру тәртібі Конституцияның арнайы бөлімімен және конституциялық заңмен реттеледі», — деді Қ.Тоқаев.

Сонымен бірге, Қасым-Жомарт Тоқаев Конституция мәтінін де сүзгінен өткізу өзекті екенін атап өтті. Бұл мәселеге қатысты кәсіби заңгерлер пікірлерін білдірді. «Олар Конституциямыздың кейбір тұстарын нақтылай түсу қажеттігіне назар аударды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысын сайлау мәселесі бойынша маңызды ұсыныс бар. Қазіргі Ата заңға сәйкес Президент өз міндетін атқара алмайтын-дай оқыс жағдай туындаса, оның өкілеттігі қалған мерзімге Сенат Төрағасына беріледі. Сенат Төрағасының мемлекетті басқаруға мүмкіндігі болмаса, Президент өкілеттігі белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті лауазым иелеріне өтеді. Бұл ретте мәселенің бәрі «қалған мерзімге» деген сөзге келіп тіреледі, осы мәселені ерекше атап өткен жөн. Басқаша айтсақ, «қалған мерзім» 6 айға да, 6 жылға да созылуы мүмкін. Сондықтан Мемлекет басшысы мерзімінен бұрын қызметтен кетсе, екі айдың ішінде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді деген норма негізгі заңда нақты белгіленуі қажет. Бұл қадам халықаралық озық тәжірибеге сай келеді.

Еліміздің кез келген басшысы билікке сайлау арқылы, яғни заңды түрде келуі керек. Бұл — мен үшін мызғымас ұстаным. Осы норма кейінгі мемлекет басшылары үшін де еш өзгермейтін қағида болуға тиіс! Сонымен қатар Конституциямыздың мәнінде жекелеген қателер бары анықталды. Кезінде терминологиялық, стильдік кемшіліктерге жол берілген. Конституциялық реформа аясында осы олқылықты да түзеуіміз керек. Бұл жұмысқа заңгерлермен қатар, білікті тіл мамандары шақырылады. Тағы бір маңызды мәселе. Біз Ата Занның Преамбуласын ұлттық құндылықтарымызды айшықтап, қанша заман өтсе де, өзекті болып қала беретіндей етіп қайта жазуымыз керек. Онда қазақ жеріндегі өркеніет пен мемлекеттіліктің тарихы терең екені нақты көрініс табуға тиіс. Сол арқылы біз Қазақстанның Ұлы даладағы ұлы мемлекеттердің мұрагері екенін паш етуіміз керек.

Бұдан бөлек, Конституциямызға «Біз бәріміз Әділетті Қазақстанды ең жоғары мақсат ретінде көздейміз және оған жетеміз» деген қағидатты енгізуіміз керек. Негізгі заңға, соның ішінде Преамбуланың жаңа мәтініне құқықтық мемлекет құруға, сондай-ақ табиғатты аялауға және қоршаған ортаны қорғауға қатысты қағидаттарды енгізу керек деп санаймын.

асыруға белсене атсалысып жүргенін атап өтті.

«Елдегі өзгерістердің логикасын жақсы түсінесіздер. Саяси жаңғырудың басты мақсаты — Қазақстанның әлеуетін арттыру және мемлекеттілігіміздің қазіргі заманғы сын-қатерлерге дайындығын күшейту. Үстірт өзгерістер жасау маңызды емес. Мемлекеттік институттардың түпкі мәнін өзгерту және олардың өзара байланысын жақсарту маңызды.

2022 жылғы конституциялық реформалардың нәтижесінде, біз саяси жүйені теңгерімді етуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға арналған шаралар қабылддық. Заң үстемдігін нығайтып, құқықтық мәдениетті орнықтыру үшін Конституциялық Сот құрылды. Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қабылданған соң сот үкімдері азаматтар мен кәсіпкерлердің пайдасына көбірек шешіле бастады. Олардың өз заңды мүдделерін табысты қорғауына жол ашылды. Кассациялық соттардың құрылуы және Адам құқығы жөніндегі уәкілдің конституциялық мәртебегіне ие болуы азаматтардың құқықтарын қорғау жүйесін нығайту жолындағы маңызды қадам болды», — деді Президент.

Қазақстан сайлау жүйесін және өкілді органдарды жасақтау тәртібін жетілдіріп, олардың саяси ықпалы мен құзыреттері едәуір күшейтілді. Жаңа сайлау моделі Парламентке және мәслихаттарға түрлі идеологиялық көзқарастағы адамдарға және саяси партиялар өкілдеріне жол ашып берді. Ауыл өкімдерін сайлау жүйесі енгізілгеннен кейін атқарушы билік тармағы жаппай жаранды. Мемлекет басшысының туыстарына басқару жүйесіндегі жоғары әрі негізгі лауазымдарды иеленуге тыйым салынуы аса маңызды конституциялық жаңалық болды. Осылайша, жан-жақты өзгерістер сот, заң шығару, атқару сияқты билік тармақтарының бәрін қамтыды. Бұл өзгерістер орталық деңгейде де, өңірлік деңгейде де болды. Бұдан бөлек, жоғарғы билік деңгейінде, яғни Президенттік институтта да елеулі өзгерістер жасалды.

«Жүзеге асырылған және жоспарланып отырған өзгерістер асығыс қабылданған немесе белгілі бір жағдайға байланысты туындаған шешімдер емес. Мен бұл реформаның бәрін мемлекет мүддесінің сөзсіз басымдықтары мен халықтың игілігі тұрғысынан мұқият ойластырдым. Сондықтан бастамалардың бәрі елді жан-жақты жаңғыртудың ұзақ мерзімге арналған біртұтас стратегиясына тоғысып отыр. Он әрі тұрақты нәтижеге жету үшін эволюциялық жолмен жүру, кезең-кезеңімен әрекет жасау, сондай-ақ қоғамды жаңа саяси және экономикалық ахуалға бейімдеу қажет екеніне сенімдімін», — деді Қ.Тоқаев.

ВИЦЕ-ПРЕЗИДЕНТ ИНСТИТУТЫ ҚҰРЫЛАДЫ

«Әр нәрсенің өз уақыты бар» деп халқымыз бекер айтпаған. Ұлттық құрылтайдың бүгінгі қорытынды отырысында да осындай сөз туып тұр деп санаймын. Сол себепті жаңадан маңызды ұсыныс айтқым келеді. Мен ұсынатын жаңашылдықты біз бірнеше жыл бойы мұқият қалыптастырып келе жатқан саяси құрылымның үйлесімді түйіні деуге болады. Өңгіме Қазақстан Республикасының Вице-президенті институтын құру, тиісінше оны Конституцияда бекіту туралы болып отыр. Вице-президент Мемлекет басшысы Президент депутаттарының көпшілігінің келісімін ала отырып тағайындалы. Оның құзырет аясын Мемлекет басшысы өзі белгілейді», — дей келе Қасым-Жомарт Тоқаев аталған институттың қызметіне тоқталды.

Вице-президент Президенттің тапсырмасы бойынша:

— Халықаралық форумдарда және шет мемлекеттер делегацияларымен өткізілетін келіссөздерде Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді;

— Парламентте Президенттің атынан өкілдік етеді;

— Еліміздің және шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен қарым-қатынас орнатады;

— Президенттің басқа да тапсырмаларын орындайды.

«Вице-президенттің қызметтік міндеттеріне қатысты осы негізгі ережелерді де Конституция мәтінінде көрсеткен жөн болар еді.

Қазіргі Парламенттің қызметін қамтамасыз етіп отырған аппараттық құрылымның бір бөлігі және Мемлекеттік кеңесші лауазымы қысқартылады. Президент Әкімшілігінің міндеттері мен құрылымы іс жүзіндегі қажеттілікке сәйкес реформаланады. Сіздер Вице-президент лауазымы бірқатар мемлекетте бар екенін білетін шығарсыздар. Біздің жағдайымызда бұл лауазымды енгізу мемлекетті басқару процесін тұрақтандырады. Сондай-ақ билік иерархиясын біржола айқындап береді. Осы конституциялық жаңашылдық Президент билігі институтының өзі әсірелейді дегенді білдірмейтінін атап өткім келеді. Керісінше, Президент лауазымы мемлекеттік жүйедегі басты лауазым болып қала береді. Қазақстанның Президенттік республика ретінде табысты дами беретініне сенімдімін. Өзінің тиімділігін көрсеткен осы саяси жүйеден бас тартуға болмайды. Халықаралық тәжірибе дәл осы таңдаудың дұрыс екенін айқын көрсетіп отыр. Мен ұсынған мемлекеттік билік реформалары, атап айтқанда, бір палаталы Парламент — Құрылтайға көшу, Халық Кеңесін құру, Вице-президент лауазымын енгізу еліміздің дамуына зор серпін береді, оның әлеуетін арттыра түседі деп сенемін», — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пайымдауынша, 2022 жылғы жүйелі өзгерістермен қатар алып қарағанда, алдымызда тұрған реформаларды жүзеге асыру — 1995 жылы осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын бекітілген үлгіден мүлде жаңа конституциялық үлгіге көшу деген сөз. Осы бастамалар жалпыхалықтық референдумда азаматтарымыз тарапынан қолдау тапқан жағдайда Қазақстанның мемлекеттілігі, еліміздің саяси жүйесі түбегейлі жаңғырып, еліміз жаңа тұрақтылық деңгейіне көтерілмек. Осылайша, біз бір ел, бір халық болып, қазіргі алмағайып заманның сын-қатерлеріне төтеп береміз, оларды еңсереміз.

«Жалпы, бастапқыда Парламенттік реформа аясында Ата Занның 40-қа жуық бабын өзгерту жоспарланған еді. Алайда жұмыс барысында түзетулер саны әлдеқайда көп екені белгілі болды. 2022 жылғы реформалар Ата Занның 33 бабы жаңарғанын білесіздер. Ал ендігі өзгерістер одан да ауқымды. Біз, шын мәнінде, жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасағалы тұрмыз.

Сондықтан мен Конституциялық комиссия құру туралы шешім қабылдадым. Арнайы Жарлыққа ертен қол қоямын. Комиссия құрамына 100-ден астам азамат кіреді. Оның ішінде Ұлттық құрылтай мүшелері, белгілі заңгерлер, ақпарат құралдары басшылары, аймақтық мәслихат төрағалары мен қоғамдық кеңес өкілдері және басқа да білікті мамандар болады. Бұл жұмысқа Конституциялық Соттың төрағасы жетекшілік етеді. Комиссия барлық ұсынысты сараптап, қорытып, нақты өзгерістердің жобасын әзірлейді. Содан соң жалпыхалықтық референдум өтетін уақыты белгілейміз.

Әлемдегі ахуал тым шиеленісіп тұрғанына қарамастан, біз елімізде күрделі әрі түбегейлі өзгерістерді жүзеге асырдық. 2022 жылғы конституциялық реформаға, одан кейін Атом электр станциясын салуға қатысты референдум кезінде халқымыздың басым көпшілігі мені қолдады. Мен әрбір шешімді елге қажеттігі тұрғысынан мұқият саралай отырып қабылдаймын. Азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған нақты жұмыспен айналысу — мен үшін бәрінен маңызды. Халықтың қамы, ұлттың, мемлекеттің мүддесі — мен үшін баға жетпес құндылық. Алдағы уақытта да елімізді дамытып, Тәуелсіздігімізді нығайта түсу жолында бар күш-жігерімді салып еңбек ете беремін. Осы орайда, стратегиялық бағдарымды үнемі қолдап келе жатқан барша халыққа және осы залда отырған еліміздің лайықты азаматтарына шын жүректен ризашылығымды білдіремін және зор алғысымды айтамын», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сөз соңында Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың ел тарихында қалатынын атап өтті. Ол аз ғана уақыт ішінде ауқымды жұмыс атқарды. «Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанның іргесін бірге қаладық. Сіздер еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани болмысын өзгерту жолында зор еңбек еттіңіздер. Мемлекеттігімізді нығайтуға елеулі үлес қостыңыздар. Алдағы уақытта да біз бірге ел игілігіне қызмет ете береміз деп сенемін. Бізді әлі де көп жұмыс күтіп тұр.

Ұлт болашағын айқындайтын ең маңызды шаруалар енді басталды. Сондықтан қиындықтан жалтарып немесе табысқа тоқмейілісіп отыруға қақымыз жоқ, уақытымыз да жоқ. Бірлігімізді бекемдеп, білек сыбанып, іске кірісуіміз керек. Келесі Парламентіміз халқымыздың ұлттық санасында өзіндік орны бар ұғым, атына заты сай Құрылтай сөзімен аталса, мұны жақсы ырымға балауға болады деп сенемін», — деді Президент.

Сонымен қатар жиын соңында Ұлттық құрылтайдың қызметіне белсене атсалысып, реформалардың табысты жүзеге асырылуына елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Дайындаған
Ардак СҰЛТАН

Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат Төрағасы:

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ЖАҢА КЕЛБЕТІ



Қастерлі Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысы ел дамуындағы тарихи кезеңде ұйымдастырылған және мемлекеттің алдағы қадамдарын айқындаған аса маңызды оқиға болды. Бұл жолы да қоғамды алаңдатқан өзекті мәселелерден бастап, мемлекеттілікті нығайтуды көздейтін ауқымды бастамалар кеңінен талқыланды.

Нақты айтқанда, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев отырыста Қазақстанның саяси жүйесін, мемлекеттік басқару моделін, қоғамдық сананы және ұлттық дамуының стратегиялық бағдарын жаңа деңгейге көтеретін бастамаларды ортаға салды. Мемлекет басшысының сөзі жекелеген реформалардың жиынтығы емес, біртұтас жаңа саяси парадигманың жарқын көрінісі екені анық.

Құрылтайда мән берілген ең басты мәселелердің бірі парламенттік реформа болғаны белгілі. Мемлекет басшысы аталған реформа ауқымды саяси жаңғырудың жаңа кезеңіндегі өзгерістердің өзегі екенін нақты айтты. Сондай-ақ бұл бастама жарты жылға жуық уақыт бойы қызу талқыланып, соның аясында көптеген ұсыныс келіп түскенін атап өтті.

Осыған байланысты Президентіміз жаңа бір палаталы Парламентті «Құрылтай» деп атауды ұсынды. Шын мәнінде, бұл — тарихи сабақтастыққа табан тіреген, ұлттық санаға жақын және символикалық мәні терең ұсыныс. Құрылтай — қазақ мемлекеттілігінің дәстүрлі институты және елдік мәселелер кеңінен талқыланатын ортақ алаң. Осы атаудың заманауи мазмұнда жаңғыруын тарихи әділеттіліктің белгісі деп қабылдаймыз.

Ұсыныстарды мұқият зерделей келе, Жұмыс тобының жаңа Парламенттің мандат саны 145 болуы және комитеттер саны 8-ден аспауы керек деген байламға келгені айтылды. Бұл — орынды бастама. Президентіміз атап өткендей, мақсат — депутат санын көбейту емес, тиімді әрі кәсіби Парламент қалыптастыру.

Әлемдік тәжірибе де сапалы заң шығару үшін саннан гөрі біліктілік, жауапкершілік пен отаншылдық маңызды екенін дәлелдеп отыр. Сондықтан «мәселе — санда емес, сапада» деген қағида жаңа Парламенттің басты ұстанымы болуға тиіс.

Президентіміз басында Парламентке бірқатар маңызды мемлекеттік органды жасақтауға қатысу өкілеттігін беруді ұсынды. Атап айтқанда, Конституциялық Сот, Жоғарғы аудиторлық палата, Орталық сайлау комиссиясы мүшелерін тағайындау Парламенттің келісімімен жүзеге асуы — ұлттық парламентаризмді түбегейлі күшейтетін қадам. Сондай-ақ Жоғарғы Сот судьяларын Президенттің ұсынуымен Парламенттің сайлауы — билік тармақтары арасындағы теңгерімді нығайтып, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін арттыра түседі.

Мемлекет басшысы Парламентті жасақтау тәртібіне қатысты ұсыныстарға да назар аударды. Депутаттар енді пропорционалды жүйе арқылы сайланып, саяси партиялардың рөлі артады. Бұл — партиялардың институционалдық жауапкершілігін күшейтетін шешім. Ал өңірлерде мажоритарлық жүйенің сақталуы — жергілікті халықтың үніне құлақ асып, олардың пікірлерін ескеруге жол ашады.

Парламенттегі Президент квотасы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының арнайы квотасын алып тастау да жаңа жоғары өкілді органның дербес әрі тәуелсіз институт ретінде күшейе түсетінін көрсетеді.

Отырыста бір палаталы Парламентте өңірлердің және еліміздегі түрлі этникалық топтардың мүдделері қалай ескеріледі деген сауалға да жауап берілді. Бұл ретте Мемлекет басшысы ұсынған Қазақстанның Халық Кеңесін құру туралы бастама айрықша маңызға ие. Аталған жоғары консультативтік органға

Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың функциялары жүктеледі. Сондай-ақ Халық Кеңесі Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін, мемлекеттік маңызы бар басқа да гуманитарлық форумдарды өткізу міндетін атқаратын болады.

Президентіміз атап өткендей, Кеңестің құрамында өңірлер, этникалық топтар, қоғамдық ұйымдар тең дәрежеде қамтылады. Бұл — елдегі қоғамдық келісімді сақтаудың және әртүрлі мүддені ескерудің тиімді тетігі болатыны анық.

Қазақстанның Халық Кеңесіне заң шығаруға бастамашылық ету құқығының берілуі де оның мәртебесін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз. Ішкі саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу де жаңа органның негізгі міндетінің бірі болады. Осылайша, Кеңес мемлекет пен қоғам арасындағы нағыз диалог алаңына айналмақ.

Осы орайда Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтай өздеріне жүктелген маңызды миссияны табысты атқарып шыққанын айрықша атап өткен жөн. Екі институт та елдегі тұрақтылық пен келісімді нығайтуға, қоғам пікірін ескеріп, дұрыс шешімдер қабылдауға үлкен үлес қосты.

Соңғы төрт жылда Ұлттық құрылтайда көтерілген ұсыныстар негізінде 26 заңның қабылданыуы — оның формалды емес, нақты нәтижеге жұмыс істеген алаң болғанын дәлелдейді. Әйелдердің құқығын қорғау, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, лудомания мен нашақорлыққа қарсы күрес сияқты бірқатар маңызды мәселе заң арқылы шешімін тапты. Еліміздің ішкі саясатының негізгі қағидаттары, құндылықтары мен бағыттарының бекітілуі де ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жолындағы маңызды белес болды. Алдағы уақытта бұл саладағы жұмыс Халық Кеңесі аясында белсенді жалғасалды деп сенеміз.

Мемлекет басшысы тоқталған тағы бір маңызды ұсыныс Вице-президент институтын құру туралы бастама болды. Бұл — уақыт талабынан туындаған шешім және биліктің сабақтастығын, басқару жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды қадам.

Ұлттық құрылтай отырысында қазіргідей цифрландыру дәуірінде еліміздің рухани-мәдени мұрасын әлемге танытудың және бірегейлігімізді сақтаудың маңызы, осы бағыттағы іргелі істер де назардан тыс қалған жоқ. Президентіміз әл-Фараби, Ясауи және Абай ілімдерін жүйелі түрде дәріптейтін ғылыми жиындарды тұрақты өткізу қажеттігін айтып, бұл ұлттың рухани өзегін нығайтатын бастама екенін атап өтті.

Шын мәнінде, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект дамыған дәуірде ұлттық бірегейлікті сақтау — стратегиялық міндет. Осы тұрғыда «Ұлттық цифрлық мұра» қорын құру ерекше мәнге ие. Себебі бұл — халықтың жады мен ғылым-білімін жинақтайтын, тарихи мұраны болашақ ұрпаққа аманаттайтын маңызды жоба. Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында осындай іргелі бастаманы қолға алу жаңа идеологиялық дербестікті нығайтуға және ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыруға тың серпін береді.

Осы ретте санғасырлық мұрамызды, соның ішінде Алтын Орда шежіресі мен түркі өркениетін ғылыми тұрғыдан зерделеу, Қазақстанның академиялық тарихының көлемді жеті томдығын жарыққа шығару ұлттың тарихи санасын жаңғыртатын маңызды қадамдар екенін

айта кеткен абзал. Президентіміз атап өткендей, аталған ғылыми жинақ Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай шығарылмақ. Бұл отаншылдықтың және тарихи белесті нақты істермен атап өтудің жарқын көрінісі болары сөзсіз.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы патриотизм ұлт мүддесін желеу еткен бос айқаймен емес, өз қызметіне адалдық, азаматтық жауапкершілік, заң үстемдігіне мойынсұну сияқты қағидаттармен бағаланатынын айтты. Шын мәнінде, Қазақстан Әділеттің, Заң мен тәртіптің мекені болуға тиіс. Сондықтан заң мен тәртіпке мемлекеттің негізгі тіректерінің бірі ретінде басымдық беріліп отыр. Әрбір азамат заң талаптары бұлжытпай орындауы керек. Бұл — әділетті қоғамның басты шарты.

Құрылтайда қозғалған адам капиталының сапасын арттыру, білім, ғылым, цифрландыру мен жасанды интеллекттің дамыту тақырыптары да ел болашағына тікелей әсер ететін факторлар. Бүгінде цифрландыру мен жасанды интеллект қоғамның ойлау жүйесін, өмір салтын түбегейлі өзгертіп жатқаны жасырын емес. Бұл жағдайда халық саны емес, жаңа технологияларға бейімделіп, оларды тиімді қолдана алатын елдер ғана алға шығады. Сол себепті Қазақстан осы бағыттағы міндеттерді айқындап, жаңа межелерді көздеп отыр.

Мемлекет басшысы Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігіне де ерекше тоқталды. Энергетикалық дербестік мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі ретінде айқындалды. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев энергия өндіретін жаңа қуат көздерін жедел іске қосу, стратегиялық ресурс-тарды, ең алдымен, көмірді заманауи экологиялық технологияларды қолдана отырып тиімді пайдалану және басқарушылық қателіктерге жол бермеу аса маңызды екенін атап өтті.

Құрылтай отырысында автожол, теміржол, әуе қатынасы, логистика мен инфрақұрылымды дамытуға қатысты жүктелген міндеттер Қазақстанның экономикалық өсуін арттыруды көздейтін басым бағыттар екені сөз болды.

Президентіміздің білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы олқылықтарды жою, қаржыны тиімді пайдалану, сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою жөніндегі тапсырмалары да әлеуметтік әділеттілікке негізделген нақты қадамдар. Соған сәйкес, Үкіметке білім беру саласындағы мемлекеттік қаржыландыру жүйесін шұғыл түрде реформалау жүктелді.

Жалпы, Құрылтайда айтылған конституциялық бастамалар — мемлекеттің институционалдық құрылымын жаңғыртып, Қазақстанды Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза мемлекетке айналдыруға бағытталған тарихи бет-бұрыс. Шын мәнінде, Мемлекет басшысы ұсынған реформалар — бүгінгі күннің ғана емес, келер ұрпақтың болашағы үшін қабылданып жатқан шешімдер.

Біздің алдымызда тұрған ендігі міндет — осы бастамаларды сапалы іске асыруға өз үлесімізді қосу. Сондықтан баршаңызды ел дамуының жаңа кезеңінде Президентіміздің жанына топтасуға және ұлт мұраты жолында жұдырықтай жұмылуға шақырамын. Маңызды кезеңде отаншылдық пен бекем бірліктің озық үлгісін көрсете білсек, дамыған елдердің қатарынан лайықты орын алып, көздеген мақсаттарымызға қол жеткіземіз деп сенемін.

Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс Төрағасы:

ҚҰРЫЛТАЙ – ҰЛТТЫҚ ДАМУДЫҢ АЙҚЫН БАҒЫТЫ

Ұлттық құрылтай отырысы шын мәнінде ел шежіресіне алтын әріппен жазылатын айшықты оқиға болды. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей қатысуымен өтіп келген Ұлттық құрылтай өзін мемлекетіміз үшін тағдыршешті мәселелер талқыланатын басты алаң ретінде толық дәлелдеді.



Ол халқымыздың көне дәстүрлерін қайта жаңғырта отырып, ұлттық мемлекет құрудың ұзақ мерзімді моделін қалыптастырған ашық әрі маңызды диалог қызметін тиімді атқарды. Ал алқалы жиынды еліміздің әр өңірінде өткізу туралы шешім тек тарихи жадымызға деген құрмет қана емес. Сонымен бірге күн тәртібіндегі жалпыұлттық мәселелерді аймақтардағы белсенді азаматтармен бірлесе талқылауға, халқымыздың бірлігін нығайтуға жол ашқан маңызды қадам болды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы президенттік қызметіне кіріскен күннен бастап жұртшылықпен ашық диалогқа басымдық беріп келеді. Мемлекет басшысының алғашқы шешімдерінің бірі ретінде ел тағдырына бейжай қарамайтын сарапшылар мен азаматтарды біріктірген Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құруы — соның айқын көрінісі.

Президент бастап берген қоғамдық диалогтың аясы кеңейіп, уақыт өткен сайын жетіліп, әрдайым жаңа деңгейге көтеріліп отырды. Сонымен қатар азаматтардың ел болашағына атсалысуға деген ынтасы мен белсенділігін арттыра түсті.

Қасым-Жомарт Кемелұлы бесінші Құрылтайда қоғам мен билік арасындағы ашық диалогқа жоғары баға беріп, келешекте оны конституциялық деңгейге көтеруді ұсынды. Бұл — алты жыл бұрын бастау алып, қоғамды ел басқару ісіне кеңінен тартуға бағытталған саяси реформалардың заңды жалғасы.

Ұлттық құрылтай мен Қазақстан халқы Ассамблеясының орнын басатын Халық Кеңесі өзге де маңызды функциялар атқарып, мемлекеттің тұрақтылығы мен тыныштығының кепіліне айналуға тиіс. Сондай-ақ ол көпұлтты әрі көпконфессиялы Қазақстан халқы үшін өз мүддесін білдіретін және қорғайтын жаңа да салмақты құрал қызметін атқарады.

Мемлекет басшысы өз сөзінде бір палаталы Парламентке көшу мәселесіне ерекше тоқталды. Бұл орайда еліміздің дамуы үшін аса маңызды жайт алдын ала жарияланып, кейінгі алты ай бойы кеңінен талқыланып отырды да атап өткен жөн. Оған қатысты ұсыныстарын білдіруге тек Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобы мүшелері ғана емес, қарапайым азаматтар да мүмкіндік алды. Парламент депутаттары да белсене атсалысқан бұл жұмысқа Президент жоғары баға берді.

2022 жылы конституциялық реформадан бастау алған өзгерістер Парламент өкілеттіктерін айтарлықтай күшейте түскенін ерекше атап өткім келеді. Осы аралықта біз Мемлекет басшысы айқындаған «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласының түпкілікті жүзеге асуына жүйелі түрде қадам басып келеміз.

Парламентті одан әрі нығайтуға бағытталған жаңа бастамалар заң шығарушы органның өкілеттігін бұрынғыдан да кеңейте түседі. Тек партиялық тізім бойынша сайланатын бір палаталы Парламент түрлі идеологиялық платформа мен сайлаушылар мүддесінің жүйелі түрде ұсынылуы арқылы қабылданатын шешімдердің сапасын арттырады.

Алты партиялық фракцияның белсенді жұмысы заң жобалау үдерісі мен парламенттік пікірталастың мазмұнын әлдеқайда күшейткенін Мәжілістің сегізінші сайланымының тәжірибесі көрсетіп отыр.

Әлем тарихында қос палаталы құрылымнан саналы түрде бас тартып, бір палаталы Парламентті таңдаған елдер аз емес. Бұл көбіне заң шығару үдерісін жетілдіруге және шығындарды қысқартуға ұмтылатын унитарлы мемлекеттерге тән. Жалпы алғанда, XX ғасырдың соңғы ширегінде әлемдегі барлық ұлттық парламент арасында бір палаталы парламенттердің үлесі тұрақты түрде өскені байқалды.

Қазір бір палаталы жүйе ұлттық парламенттердің шамамен 60 пайызын құрайды. Осылайша, бір палаталы Парламент — біз секілді унитарлы мемлекеттер үшін халықаралық стандарттарға толық сай келетін, уақытылы жасалған қадам. Парламенттің жаңа атауына қатысты Президент ұсынысы да ерекше назар аударуға тұрарлық.

Парламент — демократияның өзегі. Ал Құрылтай қазақ халқы үшін ежелден дала даналығы мен әділдіктің символы, ел тағдыры бірлесе шешілетін жер болған.

Қазақстан Парламентін «Құрылтай» деп атау — ата-баба тарихына құрмет көрсету және дәстүр сабақтастығын сақтау деген сөз. Мемлекет басшысының Вице-президент институтын енгізу жөніндегі ұсынысы да — прогрессивті идея. Конституция бойынша, бұл — елдегі екінші тұлға. Ол мемлекеттің саяси бағытын толық жүзеге асыруға жауапты болады. Осы бірегей әрі батыл шешім Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мемлекетті демократиялық қағидаттар негізінде құру принципін берік ұстанатынын айқын дәлелдейді.


Мұндай ұстаным қазақстандықтар мен халықаралық қоғамдастыққа Президент саясатының өзегінде мемлекеттік билік вертикалінің тұрақтылығы мен айқындығы тұрғанын анық көрсетеді. Сондай-ақ Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы күн тәртібінде тұрған барлық негізгі мәселені қамтыды. Атап айтқанда, салық кодексі мен цифрландырудан бастап, экология, денсаулық сақтау, білім беру, инфрақұрылымды дамыту, жастарды қолдау, сыртқы саясат, патриотизм және резонанс тудырған қылмыстармен күреске дейінгі жайттарға назар аударылды. Сол арқылы Президент қоғамды толғандыратын мәселелерді терең білетінін және оларды шешудегі жүйелі көзқарасын тағы бір мәрте аңғартты.

Айта кету керек, жыл басынан бері Президент халыққа екінші рет бағдарламалық сөз арнап, бүкіл мемлекеттік аппарат пен қоғам жұмысына жоғары қарқын мен нақты бағыт беріп отыр. Жаһандық тұрақсыздық жағдайында осындай үндеулердің жиі жасалуы қоғамдық көңіл күйді тұрақтандырып, Мемлекет басшысының ел болашағына деген шынайы алаңдаушылығын айғақтайды.

Жалпы, бір палаталы Парламент, Халық Кеңесі және Вице-президент институты — Тәуелсіздіктің 35 жылдығы қарсаңында қабылданғалы отырған аса маңызды шешімдер.

Мән-мазмұны жағынан олар бүкіл саяси жүйені түбегейлі жаңғыртып, жаңа заманауи мемлекет құру дәуіріне жол ашады. Аталған кезеңде Тәуелсіздікті тұғырлы ету мемлекеттің басты құндылығы әрі Президент жүргізіп отырған барлық реформаның бұлжымас бағдары болып қала бермек.

МАҢЫЗДЫ САЯСИ РЕФОРМАЛАР БАСТАМАСЫ



Геннадий ШИПОВСКИХ,
Сенат депутаты:

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖАҢАРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысы Қызылорда облысында өткен Ұлттық құрылтайда бірқатар маңызды мәселеге тоқталды. Соның ішіндегі ең бастысы — жүйелі әрі мықты Конституциялық реформа. Бұл бағыттағы бастамалар Президент тарапынан 2022 жылдан бері айтылып келеді, ал бүгін нақты үш өзекті мәселе айқындалды.

Бірінші мәселе — Парламенттік жүйеге қатысты өзгерістер. Болашақта еліміздің Парламенті 145 депутаттан және 8 комитеттен тұратын болады. Бұл — конституциялық реформаның тек Сенаттағы өзгерістермен шектелуді деген пікірдің қате екенін айқын көрсетеді. Қазіргі құрылымда Мәжілісте 7 комитет, Сенатта 6 комитет болса, алдағы уақытта біртұтас әрі ықшам жаңа жүйе қалыптасады. Бұл — Парламент жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Екінші мәселе — Вице-президент институтын енгізу. Бұл бастама билік жүйесінде саяси сабақтастық пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Вице-президент Президенттің өкілеттігін жүзеге асыруда қосымша

тірек болып, басқару үдерісіндегі бірқатар маңызды мәселені үйлестіреді. Мемлекет басшысы атап өткендей, Президенттің негізгі басымдықтарының бірі — халықаралық форумдар мен сыртқы саясат. Осы тұрғыда Вице-президент институты президенттік билікке нақты қолдау көрсететін тиімді тетік болмақ.

Үшінші мәселе — Ұлттық құрылтай мен Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихи миссиялары. Бұл институттар өз міндеттерін абыроймен атқарды. Болашақта олардың орнына «Қазақстанның Халық Кеңесі» атты жаңа жоғары консультативтік орган құрылмақ. Оның құрамында Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері де болады. Сондықтан Ассамблеяны таратып жатыр деген пікір — қате түсінік. Бұл құрылым еліміздегі бірлік, тұрақтылық пен қоғамдық келісімді нығайту жолында үлкен рөл атқарып келді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі Құрылтай — еліміздің Конституциялық жаңару дәуірінің табылдарығында тұрғанын көрсетеді. Бұл байыппен жүзеге асатын, ел болашағы үшін аса маңызды саяси процесс.

Данабек ИСАБЕК,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

БАСҚАРУДЫҢ ТҮҢ ПАРАДИГМАСЫ АЙҚЫНДАЛДЫ

Қызылорда қаласында өткен Қазақстанның Ұлттық құрылтайының кезекті отырысында Президент мемлекеттік басқарудың тиімді тетіктері мен елдің алдағы даму бағытын жариялады. Бұл жиын елдің саяси жүйесінде маңызды реформаларды іске асыруға бастама болды.

Біз Ұлттық құрылтайдан бір палаталы Парламенттің құрылымы мен құрамына қатысты нақты ақпарат күткен едік. Президент жаңа заң шығарушы органды «Құрылтай» деп атауды ұсынды. Бұл шешім саяси жүйеде жаңа парадигманы қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланады.

Президенттің айтуынша, бір палаталы Құрылтай заң шығару процесін ықшамдап, шешім қабылдауды жеделдетуге, сондай-ақ азаматтық бақылау мен қоғамдық диалогты күшейтуге мүмкіндік береді. Жаңа орган 145 депутаттан тұрады, барлығы партиялық тізім бойынша сайланады, ал өкілеттік мерзімі — 5 жыл.

Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, бір палаталы Парламент заңнамалық тиімділікті арттырумен қатар, халық пен билік арасындағы сенімді нығайтуда да маңызды рөл атқарады. Мысалы, Сингапур бір палаталы Парламент арқылы заңнаманы жылдам және тиімді қабылдауда тәжірибе жинаған. Ал Жаңа Зеландия парламенттік ықшам жүйе арқылы қоғамдық пікірді тез ескеріп, заң жобаларын жылдам жүзеге асырады.

Екінші — қоғамдық диалогты күшейтіп, азаматтық қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайту. Құрылтайда қоғамдық институттарды қайта ұйымдастыру мәселесі де қаралды. Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтай қызметі тоқтатылады, олардың орнына Халық Кеңесі құрылмақ. Кеңес жылына бір рет жиналып, халық пен билік арасындағы сенімді көпір ретінде жұмыс істейтін болады.

Кеңесші органдардың рөлі шетелде де айқын көрінеді. Мысалы, Канадада шешім қабылдау процесіне азаматтық ұсыныстарды енгізу арқылы демократиялық бақылау күшейеді. Қазақстандағы жаңа Халық Кеңесінің негізгі міндеті — қоғамдық пікірді тыңдау, ұсыныстар мен бас-

тамаларды жүйелі талдау, оларды билікке ұсыныс ретінде жеткізу. Сарапшылардың пікірінше, бұл өзгеріс азаматтық қоғамды күшейтіп, шешім қабылдау процесін ашық әрі демократиялық жолмен жүргізуге мүмкіндік береді.

Үшінші — биліктің сабақтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ету маңызды. Басқару тиімділігін арттыру мақсатында жаңа лауазым — вице-президент енгізіледі. Ол тікелей президенттің тағайындауымен жұмыс істеп, биліктің сабақтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар мемлекеттік кеңесші институты жойылып, басқару ықшамдалады және шешім қабылдау процесі жеделдейді. АҚШ-тағы вице-президент институты да осындай мақсатты атқарады: қажет жағдайда президенттің өкілеттігін орындауға дайын тұрады.

Төртінші — президенттік сайлау тәртібі нақты айқындалады. Қоғам жиі талқылайтын сұрақтардың бірі — президенттік сайлау жүйесі. Жиында президенттік сайлауға қатысты өзгерістер енгізіледі: егер президент мерзімінен бұрын қызметінен кетсе, екі ай ішінде кезектен тыс сайлау өткізу міндеттеледі. Бұл норма саяси тұрақтылықты сақтау және заңдылықты қамтамасыз ету үшін маңызды.

Алдағы уақытта парламент реформасы мен Конституцияға енгізілетін өзгерістер бойынша референдум өткізіледі. Бұл әрбір азаматқа елдің даму бағытында белсенді қатысуға мүмкіндік беретін тек құқық емес, ұлттық міндет. Баршамыз осы процесте белсенді болып, елдік істерге өз үлесімізді қосуымыз қажет.

Қазақстанның енгізіп отырған реформалары шетелдік тәжірибе мен ұлттық ерекшелікті үйлестіретін стратегиялық қадам ретінде қарастырылып отыр. Олар мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып, азаматтық қатысу мен демократиялық институттарды нығайтуға бағытталған нақты әрі прагматикалық қадам.

Біз осыған дейін Парламенттің төменгі палатасын «Мәжіліс» деп атап келдік. «Меджлис» — парсы сөзі. Иран, Тәжікстан, Түрікменстан сынды елдерде заң шығарушы орган солай аталады. Ал «Құрылтай» — көне түрік атауы. XI-XIV ғасырларда ұлы даланы мекендеген бабаларымыз сындарлы сағаттарда қабылдайтын шешімдерді құрылтайда қабылдаған. Қазақ хандығы құрылған дәуірден бастап рефолуцияға дейінгі кезеңдерде де құрылтайда хан сайланған.

Екі палаталы парламент федеративті құрылымға тиесілі екені белгілі. Мысалы, АҚШ-та сенаторлар штаттардың мүддесін қорғаса, атқарушы органның өкілдері халық атынан сайланған соң халықтың мүддесін қорғайды. Унитарлы елде «Сенат», «Мәжіліс» деп бөлудің қажеті жоқ. Халықтың мүддесін қорғауға Парламент жеткілікті. Ал оның баламасы — Құрылтай.



Айгерім АБДРАШИТОВА,
Президент жанындағы КСЗИ-дің саяси зерттеулер
бөлімінің бас сарапшысы:

ӨКІЛДІ БИЛІКТІҢ ЖАҢҒЫРҒАН АРХИТЕКТУРАСЫ

Сон ғана заң түпкілікті қабылданады. Яғни, екіпалаталы жүйедегі ұзақ бюрократиялық тізбектен өтпейді. Мұндай тәсіл көптеген бір палаталы парламенттерге тән. Нәтижесінде, заң шығару үдерісі шешім қабылдау кезеңдерін нақты бөлу арқылы жеделдейді, ал заңнаманың сапасы мен болжамдылығы басымдыққа ие болады.

Депутаттардың санын 145-пен шектеу ұсынылды. Бірақ Парламент жұмысының тиімділігі депутаттар санына ғана емес, өкілеттіктердің нақты бөлінуіне және заң шығару қызметінің кәсібиленуіне байланысты. Осы контексте президенттік квотаны алып тастау — Парламенттің институционалдық дербестігін күшейтетін маңызды қадам. Сонымен қатар әйелдер, жастар және мүгедектігі бар адамдар үшін квоталардың сақталуы әлеуметтік теңдік пен инклюзивтілікке бағытталған саясатты көрсетеді.

Тағы бір маңызды ұсыныстардың бірі — Парламенттің негізгі мемлекеттік институттарды қалыптастырудағы өкілеттіктерінің кеңеюі. Конституциялық Сот, Жоғары аудиторлық палата және Орталық сайлау комиссиясы мүшелерін тағайындауды тек Парламенттің келісімімен жүзеге асыру ұсынылды. Бұған қоса, депутаттар Президенттің ұсынуымен Жоғарғы Сот судьяларын сайлау өкілеттігіне ие болады. Бұл өзгерістер билік тармақтары арасындағы тежемілік әрі тепе-теңдік жүйесін күшейтіп, ықпалды Парламенттің рөлін арттырады.

Жақсыбек ҚҰЛЕКЕЕВ,
мемлекет және қоғам қайраткері:

ҚҰРЫЛТАЙ – ХАЛЫҚТЫҢ БАСЫН БІРІКТІРЕТІН ҰҒЫМ

Оның түбінде «құрыл» деген сөз тұр. Бұл «құрылайық, жиналайық» дегенді білдіреді. Яғни, халықтың басын біріктіретін сөз. Сондықтан бұл атау маған ұнайды.

Тарихи шығармаларды көп оқуға тырысам. XIV-XVI ғасырларда жазылған көне қолжазбалардың қазақ тілінде жарық көруіне атсалысып жүрмін. Соның ішінде Рашид ад-Диннің шығармаларын, Шараф ад-Дин Язидің «Зафарнамесін», Мырза Ұлықбектің «4 ұлыстың тарихы» қолжазбасын аудару барысында тарихшыларға жәрдем жасадым. Сол еңбектің барлығында



«Құрылтай» сөзі бар. Жоғарыда айтқанымыздай, ата-бабаларымыз маңызды шаруаның бәрін құрылтайда шешкен. Құрылтайға қатысатын билердің, бектер мен сұлтандардың әрқайсысының отыратын орны, сөйлейтін сөзі, барлығы заңдастырылған, өз тәртібі болған. Әрине, алғашқыда аздап құлаққа ерсілеу естілуі мүмкін. Бірақ құлақ үйренеді, сана қабылдайды. Өйткені бұл өзіміздің төл сөзіміз және төл ұғымымыз.

Екіншіден, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың орнына Халық Кеңесінің құрылуы айтылды. Ескеру керек тұсы — оның заң шығару бастамасы құқығына ие болуы. Бұл дегеніміз қоғамдық сұранысты институционалдық деңгейде бекітіп, оны ресми заңнамалық үдерістің бір бөлігіне айналдыруды білдіреді.

Халық Кеңесі Парламентті алмастырмайды. Мұндай ұқсас тетіктер әртүрлі елде бар. Мысалы, Еуропалық одақ елдеріндегі азаматтық ассамблеялар жұмыс істейді. Олардың негізгі мақсаты — қоғамдық белсенділікті институционалдық арнаға бағыттау.

Үшіншіден, құрылтай кезінде жаңа қызмет — вице-президенттің лауазымын енгізу ұсынылды. Әлемдік тәжірибеде бұл институт, ең алдымен, биліктің тұрақтылығы мен сабақтастығын қамтамасыз ететін тетік ретінде қолданылады. Әдетте вице-президент өкілдік және үйлестіруші функцияларды атқарып, Мемлекет басшысының жүктемесін азайтады және жүйенің болжамдылығын арттырады. Президенттің сөзіне сүйенсек, вице-президенттің қызметі осыған сай келеді. Атап айтқанда, ол елдің мүддесін халықаралық форумдар мен келіссөздерде алға тартып, шетелдік делегациялармен кездесулерге қатысады. Президенттің Парламенттегі өкілі ретінде заң шығару үдерісін өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, сондай-ақ отандық және шетелдік қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдармен байланыс орнатады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы жүктейтін өзге де міндеттерді атқарады.

Жалпы алғанда, ұсынылған өзгерістер заманауи парламентаризмді, ұлттық-тарихи символикалық, қоғамдық қатысудың институционалдандырылған тетіктерін және саяси тұрақтылық механизмдерін өзара ұштастырады. Аталған өзгерістер мен ұсыныстардың қабылдануы жалпыхалықтық референдумға байланысты болатыны есте болуы керек.

Айгүл Забирова,

КСЗИ бас ғылыми қызметкері,

әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор:

БІР ПАЛАТАЛЫ ПАРЛАМЕНТ: АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІК



модель процедураларды қысқартады және қарапайым етеді. Бұл цифрлық күн тәртібі, жасанды интеллект мәселелері, басқару реформалары және аймақтық саясат үшін маңызды.

Реформаның екінші себебі бар: басқаруды айқынырақ және тиімдірек ету, қажетсіз денгейлерді алып тастау және институционалдық өзара әрекеттесуді жеңілдету. Заң шығарушылық жауапкершіліктің бұрынғы орталығы болған кезде ашықтық автоматты түрде артады. Парламент, Үкімет және Президент кеңесі мұндай құрылымда өзара оңайырақ әрекеттеседі. Ал күрделі аралық қабаттар аз болған жерде үйкеліс нүктелері аз болады.

Партиялық жүйеге қатысты үшінші аспект те бар. Парламент қазіргі уақытта бір саяси күш айқынырақ жетекші рөл атқаратын конфигурацияда жұмыс істейді. Бұл көбіне палата ішіндегі процестердің логикасын анықтайды және заң шығару жұмысына қалай баса назар аударылатынын анықтайды. Осындай жағдайда бір палаталы жүйе партиялар арасындағы тартыс алаңы емес, саяси жауапкершіліктің негізгі бөлігін аркалап отырған партия ішіндегі бәсекелестік кеңістігіне айналады. Бұл Жапонияда белгілі бір кезеңдерде, Оңтүстік Кореяда жаңғыру кезінде болды және бүгінде Азиядағы кейбір унитарлық мемлекеттерде өтіп жатыр.

Мұнда жиі назардан тыс қалатын тағы бір мәселе бар. Бір палаталы модель еркін уәдесіз. Ол қайталанатын құрылымдарды жоюды және Үкімет шығындарын азайтуға мүмкіндік береді. Бұл реформаның негізгі себебі емес, бірақ бұл — бағаламауға болмайтын маңызды негіздеме.

Сондай-ақ түсінуді қажет ететін жағдай бар: екінші палатаның жойылуы өтемақыны талап етеді. Және олар қамтамасыз етіледі. Бір палаталы Парламентте комитеттер

орталық орын алады, дәл осы жерде сараптамалық жұмыс, заңдардың әсерін бағалау және тәуекелдерді талдау шоғырланады. Парламенттік бақылау, сауалнамалар, Үкіметтің есеп беруі және ашық тыңдаулар күшейтіледі. Конституциялық әділеттілік тепе-теңдік механизмі ретінде әрекет етеді, Сенаттың заңдарды мемлекеттің негіздеріне сәйкестігін қарау функциясын алмастырады.

Қарапайым азаматтар көзқарасы тұрғысынан алғанда, реформа екі нәрсені білдіреді: жылдам шешім қабылдау және цифрлық Парламент. Электронды парламент дегеніміз — деректерге қол жеткізу, электрондық талқылаулар, ашық ақпарат және азаматтар мен Парламент арасындағы тікелей байланыс арнасы. Бұл өзара әрекеттесудің түбегейлі жаңа моделі.

Сондай-ақ халықаралық тәжірибе бар. Біз мұнда белгісіз жаңа жолға түскеніміз жоқ. Жартылай президенттік жүйесі, күшті институционалдық негізі және бір палаталы Парламенті бар Португалия жаксы мысал бола алады. Бір палаталықтың парламенттік модельдері елдер жылдам шешімдер мен тұрақты институционалдық үйлестіруді қажет ететін жағдайларда жаксы жұмыс істейтін дәлелденген. Оған Дания, Швеция және Эстония мысал бола алады.

Жалпы алғанда, бір палаталы Парламентке көшу парламентаризмнің ықшам, жылдам және технологиялық тұрғыдан дамыған моделіне қарай жасалған қадам болып саналады. Еліміздің алдында жоғары сапалы сараптамалық жұмысты қамтамасыз ету, қадағалауды күшейту және Парламентті ашық және тиімді ету міндеті тұр.

Бұл — үлкен тәуекел, бірақ сонымен бірге уақыт талаптарына тез және кәсіби түрде жауап бере алатын парламенттік жүйеге көшу мүмкіндігі екенін де ескеру қажет.

ШЕКАРА ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ РАТИФИКАЦИЯЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар Қырғызстан Үкіметімен арадағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге және Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға енгізілген түзетулер туралы бірқатар хаттаманы ратификациялады.

Жалпы отырысты ашқан Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысының тарихи бастамаларды жариялағанын атап өтті.

— Бұл реформалар — ұлттық деңгейдегі институционалдық трансформацияның бастауы. Соның аясында мемлекеттік құрылымның концепциясы кешенді түрде өзгермек. Сөйтіп, билік архитектурасы түбегейлі жаңғырады. Бұл қадамдарды «Президент Тоқаевтың әділет жолы» деп айтуға болады. Ол жұмыс бүгін ғана басталған жоқ. Қасым-Жомарт Кемелұлы президенттікке кіріскен алғашқы күннен бастап кезең-кезеңімен іске асып келе жатқан жүйелі, кешенді реформалардың заңды жалғасы, — деді Ерлан Қошанов.

Ол Мәжіліс депутаттарының Парламенттік реформа жөніндегі Жұмыс тобының қызметіне белсене атсалысқанын айтты. Олар алты ай бойы болашақ Парламенттің құрылымы мен өкілеттілігі жөнінде нақты нормалар әзірлеп, тиісті ұсыныстар берген.

— Жалпы, парламенттік реформа саяси жүйені қайта қарауға жол ашып отыр. Бір палаталы Парламент құру — ел болашағы үшін тағдыршешті, өте қажет шешім. Ол — саяси жауапкершілікті нақтылау, партиялардың институционалдық рөлін күшейту, заң шығару процесін кәсібилендіру деген сөз. Мемлекет басшысы айтқандай, біздің мақсатымыз — мүлдем жана сипаттағы ықпалды заң шығарушы



орган құру. «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласын одан әрі күшейту, — деді Мәжіліс Спикері.

Ерлан Қошанов қазір Мәжілісте алты фракция жұмыс істеп жатқанын айтты. Көппартиялы қызметте мол тәжірибе жинақталғанына, сол тәжірибе алда жасакталатын бір палаталы Парламенттің негізі болуға тиіс екеніне назар аударды. Сондай-ақ Мемлекет басшысының президенттік квотадан бас тартуы, Ассамблея квотасын алып тастауы — Парламентке толық дербестік беру дегенді білдіретінін атап өтті.

Ерлан Қошанов Президенттің болашақ Парламентті «Құрылтай» деп атау туралы ұсынысын басты жаңашылдық деді. Құрылтай ежелден дала демократиясының негізі, ұлт тағдырын айқындаған, ел аманатын арқалаған

институт болғанына мән берді. Депутаттар барлық реформалар мен бастамаларды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етуге тиіс екеніне тоқталды.

Пленарлық отырыста Мәжіліс 2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан мен Қырғызстан Үкіметтері арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялады. Оған тараптар 2024 жылғы 19 сәуірде Астана қаласында қол қойған.

Аталған құжаттың нормаларымен депутаттарды Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев таныстырды. Оның айтуынша, хаттама екі ел арасындағы транзиттік көлік байланыстарын одан әрі дамытуға септігін тигізеді.

— Хаттамада «Кеген-автожолдық» (Қазақстан Республикасы) — «Қарқыра-автожолдық» (Қырғыз Республикасы) өткізу

пунктінің жұмыс режимін «тәуліктің жарық уақытынан» «тәулік бойы» режиміне ауыстыру қарастырылған. Осылайша, олардың өткізу қабілеті артып, жолаушылар үшін неғұрлым қолайлы жағдай жасалады, — деп түсіндірді Көлік министрі.

Жұмыс тобының жетекшісі Ерболат Саурықов қосымша баяндама жасап, енгізіліп отырған өзгеріс Қазақстан мен Қырғызстанның шекара маңындағы ынтымақтастығын одан әрі дамытуға, тауар айналымын ұлғайтуға және туристік саладағы өзара іс-қимылды кеңейтуге ықпал ететінін айтты.

Талқылау барысында депутаттар «Кеген-Қарқыра» өткізу пунктін инфрақұрылымының тәулік бойы жұмыс істеуге дайындығы, оны жаңғырту және қызметкерлер санын арттыру жоспарлары туралы сұрады. Сондай-ақ мәжілісмендер жауапты мемлекеттік органдардан Қазақстан —

Қырғызстан шекарасындағы автокөлік өткізу пункттерін жаңарту мерзімдері мен қаржыландыру жолдары, шекара маңындағы нысандарда қолайлы орта қалыптастыру, ұзынсонар кезектер мен кедендік рәсімдердің ашық еместігі мәселелері, өткізу пункттерінің қолайсыз ауа райы жағдайларына дайындығы және басқаларына қатысты сауал қойды.

Сондай-ақ 2016 жылғы 6 қазанда Монреаль қаласында қол қойылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 50 а) және 56-баптарына түзетулер енгізу жөніндегі хаттамалар да ратификацияланды. Бұл құжаттарды да депутаттарға Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев таныстырды.

Өзгерістер Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ХААҰ) кеңесінің құрамын 36-дан 40-қа дейін, ал Аэронавигациялық комиссия мүшелерінің санын 19-дан 21-ге дейін арттыруға қатысты.

Мәжіліс депутаты, жұмыс тобының жетекшісі Темір Қырықбаев өзінің қосымша баяндамасында атап өткендей, хаттамаларды ратификациялау Қазақстан Республикасының Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ХААҰ) органдарындағы өкілдігі мәселесін ілгерілетуге қолайлы жағдай туғызады. Атап айтқанда, ХААҰ-ны тең құқылы басқаруға қатысуға, оның жауапты әрі белсенді қатысушысы ретіндегі имиджін нығайтуға, Орталық Азия мүдделерін ескеретін бастамаларды ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Мәжіліс «Алатау қаласының арнаулы мәртебесі туралы» Конституциялық Заң жобасы бойынша Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының Мәжілістегі құрамын жасақтады. Оның құрамына депутаттар Нұртай Сабылханов, Берік Бейсенғалиев және Абзал Құспан кірді.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті жұмысқа Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы еуропалық конвенцияны ратификациялау туралы жаңа заң жобасын қабылдады.

Жалпы отырыста депутаттар өзекті әлеуметтік және экономикалық тақырыптар бойынша мемлекеттік органдарға 7 депутаттық сауал жолдады. Олардың барлығын Мәжілістің ресми сайтынан және Telegram-арнасынан оқи аласыздар.

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСАДЫ

Ұлттық құрылтайдың V отырысының қорытындысы бойынша Үкімет отырысы өтті. Премьер-министр Олжас Бектенов Президент бастамалары негізінде бірқатар тапсырмалар берді. Онда жаңа Салық кодексін жетілдіру, жасанды интеллект пен цифрландыруды дамыту, энергетика, мұнай-газ, көлік, логистика, сауда және су ресурстары саласы, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздік, мәдениет, білім және денсаулық сақтау салаларын дамыту да басым бағыт ретінде белгіленді.

А **Кәмила ДҮЙСЕН**

«Кешегі өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұған дейінгі ауқымды саяси реформаларының жалғасы болып табылатын бастамаларын жария етті. Парламент пен қоғамдық институттардың рөлін күшейту туралы ұсыныстар саяси жүйемен қатар, азаматтарымыздың мәдениетіне де демократиялық қағидаттарды біржолата орнықтыру процесі жүріп жатқанын білдіреді. Қазақстанның заманауи сын-тегеуріндерге қарсы тұруына кепілдік беретін аса маңызды идеологиялық тұжырымдар айқындалды. Бұлар — қоғамды ұйыстыру, отаншылдық, әділдік және «Заң мен тәртіп» қағидаттарына деген мызғымас ұстаным. Ұлттық идеологиямыздың ажырамас бөлігіне айналған «Таза Қазақстан» да негізгі құндылықтардың қатарында тұр. Өз сөзінде Президент еліміздің одан әрі экономикалық дамуына қатысты негізгі міндеттерді алға қойды», — деп атап өтті Премьер-министр.

Бұл ретте Мемлекет басшысы әрбір жауапты лауазымды тұлғаға батыл әрі тосын инновациялық шешімдер қабылдау қажеттігін туралы қатаң талаптар қойып отыр.

Қойылған міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін Премьер-министр мемлекеттік органдарға бірқатар тапсырма берді. Мәселен, Мәдениет министрлігіне мемлекеттік рәміздерді пайдалануды реттеуді жетілдіру мақсатында Қолда-

ныстағы нормативтік-құқықтық актілерге егжей-тегжейлі талдау жүргізу тапсырылды.

Мәдениет, Қаржы және Ұлттық экономика министрліктеріне бірқатар өңірдегі театр құрылысы мен реконструкциялау жұмыстарын қаржыландыруды, сондай-ақ Қазақстанның мәдени мұра нысандарын және Абайдың «Қара сөздерін» ЮНЕСКО тізіміне енгізу рәсімін сүйемелдеу тапсырылды.

Өз кезегінде Премьер-министрдің орынбасары — Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева Үкімет отырысында Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың V отырысында айтылған тапсырмаларын орындау үшін қабылданып жатқан шаралар туралы баяндалды.

— Күні кеше Мемлекет басшысы еліміздің өмірінде ерекше орын алған Ұлттық құрылтайдың тарихи миссиясын қорытындылап, мемлекет пен халқымыздың болашағын айқындайтын зор міндеттер жүктелді. Алдымен, бұл — мән-маңызы жағынан жаңа Ата Заң қабылдаумен бірдей конституциялық өзгерістердің аясында ғана емес, жалпы Тәуелсіздік тұғырын одан әрі нығайтуды көздейтін тарихи белес, — деді Аида Балаева.

Вице-премьер Президент айқындап берген негізгі қағидаттар — «Заң және тәртіп», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» бастамалары бойынша жүйелі жұмыстар жалғасатынын атап өтті. Сондай-ақ мемлекеттік рәміздерді, рухани-адам-



гершілік, отбасы құндылықтарын насихаттауға арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары күшейтіледі. Мәдениет және ақпарат министрлігі заңды және жеке тұлғалар үшін мемлекеттік рәміздерді қолдану тәртібін егжей-тегжейлі реттеуге қатысты жұмыс жүргізеді. Сондай-ақ нормативтік актілерге қажетті өзгерістер енгізіліп, көрнекі нұсқаулықтар дайындалады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында мемлекеттік рәміздерге ерекше құрмет көрсететін азаматтарды қосымша ынталандыру шаралары әзірленеді.

Тағы бір маңызды мәселе — тарихи-мәдени мұраларымызды ЮНЕСКО деңгейінде насихаттау. Президент бұған дейінгі Ұлттық құрылтай отырыстарында бұл мәселеге ерекше назар аударып, нақты тапсырмалар берді. Мемлекет басшысы тапсырмасымен Жаркент мешіті мен Вознесенск соборын біріктіретін номинация, Қаратау жотасындағы петроглифтерді ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізу мақсатында тиісті жұмыстар атқарылатын болады. «Абайдың қара сөздері» ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» тізіміне енгізу үшін тиісті құжаттар сараптама-лық бағалауға жолданды.

Сонымен қатар жиында Жасанды интеллект министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, әзірленіп жатқан Digital Qazaqstan бағдарламасында цифрландырудың үздік тәжірибелерін енгізу арқылы мемлекеттік функцияларды оңтайландыруды қарастыру, сондай-ақ сенімді әрі қауіпсіз IT-инфрақұрылым құру тапсырылды.

Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы көмір генерациясын дамытудың және жаңа ЖЭО жобаларын жүзеге асырудың маңыздылығына назар аударғанын атап өтті. Осыған байланысты Энергетика министрлігі бір ай мерзімде көмір генерациясын дамыту жөніндегі ұлттық жобаны әзірлеуге тиіс. Ал көлік саласындағы салалық ведомствоға «Самұрық-Қазына» қорымен бірлесіп, бір апта мерзімде жаңа халықаралық әуе рейстерін іске қосу және ұлттық қарго-тасымалдаушының алдағы қызметі жөнінде нақты ұсыныстар әзірлеу тапсырылды. Бүгінде Үкімет ЕАЭО шенберінде қазақстандық тауар өндірушілерді қорғауды күшейтуде. Осы себепті Сауда және интеграция министрлігіне салалық ведомстволармен бірлесіп, екі апта мерзімде ішкі және сыртқы

нарықтарда отандық өнімді кеңінен таныту бойынша жүйелі тәсілдерді әзірлеу тапсырылды.

Президент атап өткен Арал теңізі мәселелерін ескере отырып, су саласына қатысты тапсырмалар берілді. Сондай-ақ Энергетика министрлігімен бірлесіп, биыл Қазақстанның су-энергетикалық ресурстары картасын әзірлеу тапсырылды. Президент экономиканың түрлі салаларын дамытуға ғылыми әлеуеттің толық пайдаланылмай отырғанын сынға алды. Осыған байланысты Үкімет экономиканың түрлі салаларын дамытуға қолда бар ғылыми әзірлемелерді тарту және өзекті зерттеулерге тапсырыстарды жедел қалыптастыру жұмысын күшейтуді.

«Мемлекет басшысының барлық тапсырмасы елімізді ауқымды жаңғыртудың бірыңғай ұзақмерзімді стратегиясымен үндесіп жатыр. Оларды жүзеге асыру барлық құрылымның нақты әрі үйлесімді жұмысына байланысты. Әрбір басшы дербес жауапты болады», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр Президент тапсырмаларының орындалуын тікелей өз бақылауына алатынын жеткізді.

ДОДА

22 ҚАҢТАР 2026 | БЕЙСЕНБІ

Допинг – спорттағы ең күрделі әрі көлеңкелі мәселенің бірі. Жыл сайын әлемнің түрлі елінен, оның ішінде Қазақстаннан шыққан спортшылар да тыйым салынған препараттарды қолданғаны үшін әшкере болады. Мұндай деректер ірі жанжалға ұласып, спортшылардың дисквалификациялануына, ал елдердің спорттық беделіне нұқсан келтіріп отыр. Жақында ғана Qazaq Style лақап атымен танымал Жәнібек Әлімханұлы да допингтің кесірінен «қара тізімге» ілінді.

Жалпы алғанда, допинг сөзін ағылшыннан аударсақ, «есірткі» деген мағынаны береді екен. Ол қарапайым тілмен адам организмнің физикалық немесе психологиялық белсенділігін уақытша күшейтетін заттар. Соған орай спортшылар жарыс кезінде не жарысқа дайындық барысында осы препараттарды қолданып, төзімділігін арттырады-мыс. Әрине, бұлардың рұқсат етілген түрімен қоса рұқсат етілмегені де бар.

Спорт дәрігері Азамат Нұрматовтың айтуынша, тыйым салынған дәрілерді қолдану – спортшылар үшін өте зиян.

– Допинг – спортшының жарыстағы нәтижесін жасанды түрде арттыру мақсатында қолданатын дәрі-дәрмек. Тыйым салынған препараттардың көпшілігі күнделікті медицинада да кездеседі. Қазір Дүниежүзілік антидопинг агенттігінің (WADA) тізіміне енген заттардың біразы Қазақстан медицинасында кеңінен қолданылады. Елімізде дәріханалар мен медициналық мекемелерде сатылатын мұндай препараттардың саны 10 мыңнан асады. Оның үстіне, бір ғана дәрінің бірнеше баламасы болуы мүмкін. Осы себепті спортшылардың қателесіп, тыйым салынған затты байқамай қабылдау жағдайлары жиі кездеседі, – дейді маман.

Сонымен қатар дәрігердің айтуынша, препараттарды қолданғанда сәк болу қажет.

– Арнайы спортта қолданылатын, гормоналдық жүйеге әсер ететін препараттар бар. Мұндай дәрілер жүрек-қан тамыр жүйесіне ауыр салмақ түсіріп, инфаркт, инсульт немесе гормондық бұзылуларға алып келуі мүмкін. Әсіресе, тестостерон мен анаболикалық стероидтар адам ағзасына аса қауіпті саналады, – дейді Азамат Нұрматов.

Тыйым салынған препараттар

Қазақстанның Ұлттық допингке қарсы орталығы (KazNADC) 2025 жылы кәсіби спортта тыйым салынған дәрі-дәрмектерді қолданғаны үшін ұсталған отандық спортшылардың тізімін тағы да толықтырды. Биыл еліміздің сегіз спортшысы допинг дауына ілінген.

Бір қызығы, допингке ең жиі ұшырайтын спорт түрі – ауыр атлетика. Бұл үрдіс былтыр да

ДОПИНГ ДАҢҚҚА АПАРМАЙДЫ

есуден – 3, велоспорттан – 3, бокстан – 3, самбодан – 3, ММА-дан 3 адам дауға қалған.

Жалпы алғанда, 93 қазақстандық спортшы кәсіби спортта тыйым салынған 114 түрлі препаратты қолданғаны үшін жауапкершілікке тарылған. Мамандардың айтуынша, бұл көрсеткіш допингтің әлі де жүйелі проблема екенін көрсетеді.

Қазақстандық спортшылар көбіне бірнеше тыйым салынған препараттарды қолданамын деп жапа шегеді. Оралтуринабол («турик») – 13 жағдай. Бұлшық ет күші мен төзімділікті арттырады, бірақ жүрек-қан тамырлары мен бауырға ауыр зиян келтіреді.

Дростанолон («Мастерон») – 11 жағдай. Көбіне «кептіру» кезеңінде қолданылады, ағзаға кері әсері бар.

KazNADC-тің «қара тізімінде» 25 спорт түрінен 93 қазақстандық спортшы бар.

Бұл жақта да спортшылардың көп бөлігі ауыр атлеттер екен. Қазір 37 ауыр атлет ілінген, яғни жазаға іліккендердің 40 пайызы осы спорт түріне тиесілі.

отандық спортта допингке қатысты бұған дейін де түрлі дау болған. Қазір әлеуметтік желілердің дамыған заманы болғандықтан, мұндай ақпараттар бірден ел аузына шығып отыр. Әсіресе, допингке келгенде біз өзімізді өзіміз ұстап беріп жатырмыз.

– Бұған дейін допинг қолданғандарды шеттету дұрыс деп ойлап келдім. Яғни, тыйым салынған препаратты қолдануға болмайды және осындай жағдай анықталса, қатаң жазалау қажет деген пікірде болдым. Бірақ жуырда мәселеге тереңірек үңіліп қарасам, мұның астары басқада екен. Біздегі допингке қарсы орталық жыл сайын спортшылардан 3 мың сынама алып, шетелге тексеруге жібереді екен. Бұл – өте көп. Мәселен, көрші Қырғыз елі – 10, Өзбекстан – 100, ал Беларусь 300 ғана тапсырады, – дейді Аслан Қаженов.

Оның сөзінше, көптеген сынама өткізу спортшыларға кері әсерін тигізіп жатыр.

– Үш жыл бұрынғы спортқа жауапты министрліктің кеңейтілген отырысында 100-ге жуық спортшының ұсталғаны ауыз толтырып баяндалып еді. Былай қарап тұрсаңыз, 100 спортшы дегеніміз – 100 адам, 100 тағдыр ғой. Осы жерде бір сұрақ туындайды. Біз оларды неге өзіміз ұстап беріп жатырмыз? Олардың алдағы өмірі біреуді алаңдатпай ма? Әдетте, осыншама сынама өткерген спортшыдан қайтсе де бір препарат тауып алуы әбден мүмкін. Өйткені әртүрлі жағдай болады. Ауырады, дәрі ішеді, демалады, бірдене жейді. Тағысын тағы солай кете береді, – дейді сарапшы.

ЖАУАПКЕРШІЛІК КІМНІҢ МОЙНЫНДА?

Бұқара халықтың арасында «спортшылар нәліктен допинг дауына неге көп ілігіп кетті?» деген сұрақтар жиі қойылады. Спорт дәрігері Азамат Нұрматов «допингті қолдану – спортшының өзіне байланысты» екенін баса айтқан болатын.

– Еліміздің антидопингтік кодексіне сәйкес, тыйым салынған зат анықталған жағдайда толық жауапкершілік спортшының өзіне жүктеледі. Яғни, заң жүзінде жаттықтырушының, ата-ананың немесе дәрігердің кінәсі қарастырылмайды. Спортшы не жейтінін, қандай дәрі қабылдайтынын өзі шешеді, сондықтан салдары үшін де өзі жауап береді, – дейді дәрігер.

Маманның пікірінше, допинг дауларының негізгі себебі спортшының немқұрайлығында жатыр. Ал кәсіби деңгейде өнер көрсететін атлеттерге қатысты бұл жауапкершілік тек спортшыға ғана емес, бүкіл командаға қатысты болуға тиіс. Себебі жоғары деңгейдегі спортта әрбір маман допингтің алдын алуға жауапты.

– Спортшының денгейі неғұрлым жоғарылаған сайын, бақылау мен тексеріс те соғұрлым күшейтілуі керек. Дүниежүзілік антидопинг агенттігі (WADA) тыйым салынған препараттар тізімін жыл сайын жаңартып отырады. Сол өзгерістерді қадағалап, талдап, спортшыға дер кезінде түсіндіріп отыруға тиіс. Мәселен, осы жылдың 1 қаңтарынан бастап WADA бұған дейін еркін қолданылып келген кейбір витаминдер мен коспаларды енді тыйым салынған заттар қатарына енгізді. Олардың қатарында фламодафинил мен фладрафинил ресми түрде енгізілді. Бұл – модафинилге ұқсас, жүйке жүйесіне айтарлықтай әсер ететін күшті стимуляторлар. ТМД елдерінде олар көбіне «зейінді арттыратын коспалар» ретінде еркін сатылып келді. Алайда енді бұл заттар допинг ретінде қатаң тыйым салынды, – дейді Азамат Нұрматов.

«Сактансаң – сактайды» деген бар. «Допинг дауына ілінбейміз» десек, жоғарыда дәрігер айтқан препараттардан сактанған жөн секілді. Ол үшін спортшы да бақылауды күшейтіп, өз-өзіне немқұрайлы қарамағаны абзал. Әйтпесе, «жеңіске жеттім» деп желпініп жүргенде, бір бүйірден «допинг дауы» шыға келмесіне кім кепіл?!

ҮЗДІК НӘТИЖЕ ТІРКЕЛДІ

Қазақстан құрамасы стөнд атудан Дохада (Қатар) өтіп жатқан Азия чемпионатында тағы бірнеше жүлдеге қол жеткізді.



Элеонора Ибрагимова, Анастасия Прилепина және Наргиза Сарманова ел қоржынына алтын медальді салды. Отандастарымыз «трап» бағдарламасы бойынша командалық сайыста үздік нәтиже көрсетті.

Сонымен қатар «трап» дисциплинасында қазақстандық мергендер жекелей сында да табысты өнер көрсетті. Максим Бедарев пен Элеонора Ибрагимова күміс жүлде иеленді.

Айта кетейік, бұған дейін ұлттық құрама «скит» түрінен екі алтын, бір күміс және үш қола медаль жеңіп алған болатын.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН ОЛЖАЛЫ БОЛДЫҚ

Бахрейннің Манама қаласында үстел теннисінен WTT Youth Contender турнирі аяқталды.



Аталған жарыста Қазақстан құрамасы үш медаль жеңіп алды.

U11 жас санатында қыздар арасындағы жекелей сында Адель Вебер күміс жүлдеге ие болды.

Ал U19 жас санатындағы аралас жұптық сайыста қазақстандық спортшылар Қадырғали Қабылұахитов пен Нұрислам Қасым қола жүлде алды.

Қабылұахитов жарыста У Ин Сюаньмен (Қытайлық Тайбэй) бірге өнер көрсетсе, Қасым Пэе Ю-Ханмен (Қытайлық Тайбэй) бірге ойнады.

ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ

Үстел теннисінен Қазақстан құрамасының өкілі Назерке Болатбек Қатардың Доха қаласында өткен WTT Youth Contender атты ірі халықаралық турнирде үшінші орынға ие болды.

Қазақстандық спортшы 13 жасқа дейінгі жас санатында қола жүлдеге қол жеткізді. Турнир барысында Болатбек үш кездесуінде жеңіске жетті. Ал жартылай финалда ол Мысыр спортшысы Заки Малакка жол берді.

Дегенмен Назерке Болатбек жартылай финалға шығу арқылы қола медальға ие болды.



Бетті дайындаған Әсет ҚАЛИ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(770) 675-42-14, 8(772) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқының»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4694
Астана қ. «Медиа-холдинг» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,